

2015

ҚАҢТАР

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

СӘУІР

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

ШІЛДЕ

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

ҚАЗАН

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

АҚПАҢ

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28

МАМЫР

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

ТАМЫЗ

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

ҚАРАША

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

НАУРЫЗ

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

МАҢГЫ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
1	2	3	4	5	6
8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	

ҚЫРКҮЙЕК

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

ЖЕЛТОҚСАН

Жс	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

БІЛІМ және ИННОВАЦИЯ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

8(15)
2014

*А. Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектебіне*

25 жыл

*Осы журнал нөмірінің материалын жинақтап,
жарық көруге атсалысқан А. Байтұрсынов
атындағы №211 орта мектебінің
директорының бағдарлы ісі жөніндегі
орынбасары Абасилова Айман Жаханқизына
алғысшылық білдіреміз.*



Жылдан жылға жылдан жылға

Қазақ халқы қашан да білім-ғылымға, тәрбиеге, өнерге жақын болған.
«Құт негізі білім», – деген Жүсіп Баласағұнның нақыл сөзінің өзі осыған
дәлел болады. Әлемге әйгілі Әл-Фараби мен алғашқы білім шамшырағын жаққан
Мыңбай аталарымыз оқуға ізгі жол салған. Таңбалытастағы тас жазулары мен
Орхон-Енисей жазбалары ата-бабаларымыздың жазу, сөзге деген құштарлығын
көрсетеді. Ақпарат арқамаған ХХІ ғасырда бабаларымыздың салған сара
жолынан ақаспай, сапалы білімді, сапалы тәрбиелі ұрпақ болу біздің парызымыз.

Жылдан жылға жылдан жылға



25 жыл

ҚҰРЫЛТАЙШЫ «БІЛІМ ШАМШЫРАҒЫ» ЖШС

БАС РЕДАКТОРЫ

Тобашов Марат Шайхисламұлы –
Қазақ гуманитарлық заң және техникалық
колледжінің директоры, техника
ғылымдарының кандидаты, доцент.

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің
Ақпарат және Мұрағат комитетінде 2010
жылдың 28 сәуірінде тіркеліп, ЛК 0860-Ж
куәлігі берілді.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы,
Қонаев №17
Тел: 8 (7242) 27-22-37, 27-75-27, 26-21-91
(104.101)
E-mail: ko_kazguu@mail.ru

Журнал материалдары колледждің
ақпараттық сараптау бөлімінде теріліп,
беттелді.

«Қызылорда Дизайн» ЖШС баспахана-
сында басылды.

Мақала мазмұнына редакция жауап
бермейді.

Досжанова Гүлжамила – редактор,
Қазақ гуманитарлық заң және техникалық
колледжінің жоғары санатты оқытушысы.
«Өз Елім» газетінің меншік иесі.

Оспанова Амина Өмірбекқызы – жауапты
хатшы, колледж оқытушысы.

Алия Абылайқызы – дизайнер, корректор.
Нұрғалиева Нұргүл Сағидоллақызы –
қаріп теруші

Басуға 20.11.2014 жылы қол қойылды.
Авторлық б.т. 5
Таралымы -----1000 дана

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛКА

Алпамысова Зағипа – Қазақ гуманитарлық
заң және техникалық колледжінің қаржы ди-
ректоры, филология ғылымдарының канди-
даты, доцент.

Елеусінов Бауыржан – Облыстық білім
беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру
және қайта даярлау институтының дирек-
торы, физика-математика ғылымдарының
кандидаты, профессор.

Серікбаев Сәкен – Қызылорда облыстық
білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арт-
тыру және қайта даярлау институтының
директорының орынбасары, тарих
ғылымдарының кандидаты, доцент.

Сәдуақасов Жеңіс – Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің
профессоры, филология ғылымдарының
докторы.

Нұрахметов Ермахан – Қорқыт Ата
атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің «Роман-герман тілдері»
кафедрасының меңгерушісі, филология
ғылымдарының докторы, профессор.

Сейсенов Бақытбек – Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің
профессоры, философия ғылымдарының
докторы.

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

МАЗМҰНЫ * СОДЕРЖАНИЕ

РЕДАКТОР БАҒАНЫ.....	5	Беюканова С.Ж. БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ	30
Еспенбетова З. Н. ОНДЫҚТАРДЫ ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ	6	Орынбаева К. ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚУШЫ	32
Маханбетова А. МЕКТЕП – БІЛІМ ТІРЕГІ	7	Бөлекеева Ж. ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАСЫ «БІР КЕСЕ МЕРУЕРТ»	34
Болатбаева М. ҚҰЗЫРЛЫ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ МҰҒАЛІМ	8	Берекенова Роза АЛЫП БАЛА	35
Батракова Л. М., Беркімбаев Н. ДІН ДҰРЫС ҰСТАЙ БІЛСЕҢ – ҚАСИЕТІҢ, ҰСТАЙ БІЛМЕСЕҢ – ҚАСИРЕТІҢ	10	Абдраманова ЖОЛ ТӨРТІБІН БІЛЕЙІК, АМАН- ЕСЕН ЖҮРЕЙІК!	36
Әліпбаева Г. Ж. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ «БӘЙГЕ»	11	Маутаева Ж. Ш. ШЫНШЫЛДЫҚ – АДАЛДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ	37
Төлеутаева Л. С. АТЫ ӘНГЕ АЙНАЛҒАН БАЛҚАДИША	12	Абсадықова Л. ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА	39
Омарова Д. ТАБИҒАТ СЫЙЫ	13	Алашаева Г. «АКНМЕТ БАЙТУРСЫНОВ» (1878-1937)	40
Даулетбаева Н. РАЦИОНАЛ БӨЛШЕКТЕРДІ ҚЫСҚАРТУҒА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ	16	Құлтасова Н. ОНДЫҚТАРДЫ САНАУ	41
Айдаболова Қ. Б. КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР	17	Сүлейменова А. Ш. МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ	42
Бекенова Р. К. СТИЛЬ, СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	18	Абдикаликова Д.Ж. ДЕЕПРИЧАСТИЕ	43
Тұңғышбаева Б. А. САҒАН СЕНЕМІН, БОТАМ!	19	Рыспанова М.Е ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ	44
Сагиндыкова Ж. Б. ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕ- НИНГ САБАҚ	20	Жанаева Ж.А. УАҚЫТ – МЕЗГІЛ ПЕРНЕСІ	47
Абдукаримова Г. Т. ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ	22	Орынбаева К. НАТРИЙ ЖӘНЕ КАЛИЙ	48
Тоқаева З. А. ТАПҚЫР ДОСТАР	23	Байғараева Ж. ҰБТ-ҒА БІРГЕ ДАЙЫНДАЛАЙЫҚ	49
Жайылханова А. Б. ҰСТАЗ - ҰЛЫ ЕСІМ	29	Қойшыбаева М. КВАДРАТ ТЕҢДЕУЛЕРГЕ КЕЛТІРІЛЕТІН ТЕҢДЕУЛЕР	50

Өткен ғасырдың 80-жылдарына қарай халық шаруашылығын жоспарлауындағы және өндіргіш күштерді орналастырудағы әміршіл-әкімшіл жүйенің жіберген кемшіліктері мен қайшылықтарының нәтижесі тоқырау құбылыстарын туғызды. Республика шикізат көзі ретінде қала берді. Ғылым мен ағарту саласын қаржыландырудың «қалдықты» ұстанымы сақталды. Ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер, тіл өте ауыр жағдайға тірелді. Тек қана 1954-1986 жылдар аралығында қазақ тілінде білім беретін 600-ге жуық мектеп жабылды. Қоғамды түбегейлі өзгерту және әлеуметтік экономиканы дамытуды тездету, яғни «Қайта құру» реформасы басталды. Қоғамдағы адамдардың рөлін арттыра отырып, өндірісте тәртіпті күшейту, еңбекке ынталандыруды жетілдіру көзделді. Мектептер жабылып, жұмысшы кадрлар қысқарып, жұмыссыздықтың енді-енді белең алып жатқан дәл осындай тұсында жаңадан бір оқу орны бой көтерген-болатын. "Мерей" мөлтек ауданында орналасқан, 1176 орынға арналған, типтік үлгіде салынған №211 орта мектеп. 1989 жылы желтоқсан айында ашылған бұл мектептің іргетасының қаланғанына биыл – 25 жыл.

Қазіргі кезде Қызылорда қаласын, елді-мекендерімен қоса есептегенде мектеп, мектеп-интернат, лицей, гимназияның ұзын саны 84-ке жуықтайды екен. Соның ішінде №211 орта мектептің алар орны ерекше. 1991 жылы мектепке ірі ғалым – лингвист, әдебиет зерттеушісі, түріктанушы, дарынды – ақын аудармашы, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов есімі берілгені белгілі.

Мектеп ашылған жылдан бері, яғни 1989-1999 жылдар аралығында Жавзмагина Расима Шәкірқызы; 2000-2001 оқу жылында Исмаилова Рамза Исмакқызы; 2002-2003 оқу жылында Егізбаев Аят Жақсыбекұлы; 2003-2009 оқу жылында Ақдәулетов Нұрлан Нұруаұлы басшылық қызметін абыроймен атқарды.

Осы уақыт аралығында еңбек еткен көптеген тәжірибелі ұстаздардың өз шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру бағытында атқарған оқу-тәрбие ісіндегі еңбектері ерен деуге болады.

Тәжірибелі ұстаздар ұжымы оқушылар арасында республикалық ғылыми жоба, облыстық, қалалық олимпиада жеңімпаздарын дайындап, «Алтын белгі», "Үздік аттестат" иегерлерін шығарды.

2009 жылдан бері мектеп директоры Абдазиева Гүлзира Мәжитқызының басшылығымен жұмыс жасап келе жатқан мектептің жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі өлі алда. Алдағы уақытта мектеп ұжымына шығармашылық табыс, еңбектеріне жеміс, қажымас қайрат тілейміз.

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің директоры, т.ғ.к., доцент,
«Білім және инновация» оқу-әдістемелік,
педагогикалық журналының бас редакторы
М.Ш.Тобашов

ОНДЫҚТАРДЫ ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ

Еспенбетова Загира Нагметуллақызы
Бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: толық ондықтармен арифметикалық амалдар орындау дағдыларын қалыптастыру;

Дамытушылығы: логикалық ойлау қабілетін, математикалық тілін дамыту, оқушының белсенділігін арттыру, өзін-өзі бақылауды, бағалауды үйрету;

Тәрбиелілігі: оқушыларды шапшаңдыққа, ұқыптылыққа, өздігінен жұмыс істеуге, өз жұмысын бақылауға, мақсатына жетуге ұмтылдыру; қиялын ұштай білу; Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу

Сабақтың типі: жаңа материалды игерту

Сабақтың түрі: ізденіс сабағы

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, дидактикалық ойын-дар

Пәнаралық байланыс: тіл дамыту, дүниетану

Көрнекілігі: слайдтар, деңгейлік тапсырма парақтары

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру. Кезекшінің мәліметі

Психологиялық даярлық

Қайырлы таң, досым,

Қайырлы күн болсын.

Күнделікке бүгін,

Кілең бестік толсын.

2. Үй тапсырмасын тексеру

«Өзінді-өзің тексер» слайд арқылы

1. Ой ширату

«Үндемес» ойыны арқылы балалар берілген өрнектердің мәнін стикерге жазып көрсетеді. Бүкіл сынып қатысады.



ҚҰЗЫРЛЫ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ МҰҒАЛІМ

Болатбаева Мирамкүл

А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Еліміздегі қайта жаңғырулар, өзгерістер білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба алатын іскер және өмірге икемді жеке тұлға тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан да құзырлылықтың, құзырлы мұғалім бола білудің маңызы зор.

Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша: «Құзырлылық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы». Сонда мұғалімнің кәсіби шеберлігі, құзіреттілігі өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және қалыптастыру жолындағы еңбегімен өлшенуге тиіс. Ендеше, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтсақ: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» екен. Әрбір ұстаз өзінің кәсіби құзіреттілігінің арқасында шәкіртінің дайын білімді меңгеруін мақсат етпей, өздігінен ізденуіне жол ашса, берілген білім нәтижеге бағытталған сапалы болады. Әрбір пән – жан-жақты ойлантудың, терең пікірдің пәні болуы тиіс. Ресейлік ғалымдар тұлғаның өмірдегі өз орнын, өз жолын таңдауда нәтижелі әрекет жасау қабілеті, яғни тұлға құзырлылығының негізгі белгілерінің бірі ретінде оның сын тұрғысынан ойлай білуін және тиімді шешім қабылдау қабілетін ерекше атап өтеді. Бүгінгі таңда оқушыларды топқа бөліп оқытудың, топ ішінде әрбір оқушының өз ойын еркін, батыл айта білуіне, ой-пікір алмасуда өзін еркін сезінуіне, көп болып ойланып, дұрыс шешім қабылдай алуына жол ашу құзырлылықты қалыптастырудың негізгі субъектісі болып табылады. Мұғалімнің құзырлылық қасиеттері оқушының бойына белсенділік, ізденушілік, тың дүние жасауға ынталандыра алу қабілетінен көрінеді. Тұлғаға бағытталған білім жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтың құзыреттілігіне байланысты болады. Қазіргі аса қарқынды өзгерістерге толы әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беру жүйесінде педагогқа қойылатын талап та ерекше екендігі түсінікті. Бұл мынадай фактілерге байланысты:

- оқытудың әр алуан түрлері мен тәсілдерін қолдану;
- топтық жұмыс дағдыларын дамыту;
- әрекеттерге үйрету;
- нақты ситуацияларды талдау.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады», -деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны ұстаздың төмендегі функцияларды жүзеге асыруынан байқалады, олар; болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу. «Жаңа технологиялық құзірет «бағдарлай білу, өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік

береді; таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Білім беруде ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңа тұлғаны дамыту жолдары өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Демек, мектеп оқушыларын ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет. Оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру үшін мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шығып, сол арқылы өз тәжірибесін өз

еңбегін өзгертуі тиіс. Құзырлы, кәсіби мұғалім дәрежесіне жетудің өз кезеңдері бар. А. Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі; мұғалімнің өз мамандығына бейімделуі, мамандықта өзін-өзі өзектендіруі, мамандықты еркін меңгеруі, мамандықта шығармашыл деңгейге жеткен шағы, Осылайша ғылым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер мұғалімнің, жаңашыл мұғалімнің, зерттеуші мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс, пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыруы қажет. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы әр түрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру – әрбір мұғалімнің міндеті. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. «Мен айтып берсем – шәкірт түсінеді! «Деген ұстанымды бүгінгі күні қолданбаған жөн. Бүгінгі педагогикада «Сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйрену /үйрету қажет!», - деген ұстаным басым. Шәкірт бірінші кезекте өз қолымен жасағанды жадында сақтайды, осы әрекеттерінің негізінде туындаған білік пен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады; «Менің өзіме жасатсаң – үйренемін!» /Конфуций/. Құзырлы мұғалім шәкіртінің ішкі жан-дүниесінің болмысын, оның қандай ойы, пікірі дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, түсінігі, уәждері, ұсыныстары бар екеніне назар аударуы қажет. Құзырлы мұғалімнің басты міндеті – оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін, түсінуін, бағалай алуын қамтамасыз ету. Мұғалімде Шулман: «Үш көмекші» деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болады. Шулман ілімі бойынша құзырлы мұғалімге төн белгілер: кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары, кәсіби-адамгершілік тұтастық. Құзырлы мұғалім орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген

танымал оқыту әдістемелерінің бірі – сындарлы оқыту теориясымен қарулана отырып, оқушының белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, тереңдетіп, кеңейтіп отыруына жол ашуы қажет. Баланың өзіндік дамуына әсер ететін күшті фактор – ол оқытушымен қарым-қатынас жасау әрекеті. Сондықтан оқыту үрдісі-мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуын қажет етеді. Мұғалім сабақтың әр кезеңін шығармашылықпен өткізіп, оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық іс-әрекетті тиімді қолдану жоспары жасалуы тиіс. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесі өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық қасиеті жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолданатын мұғалімді айтамыз.

Сонда мұғалімнің мәртебесін көтеретін басты күш-оның кәсіби құзырлылығы екен. Ал, кәсіби құзырлылық – мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуі. Білімнің сапасын қамтамасыз ететін мұғалімдер болғандықтан, оң алдымен олар сапалы қызмет көрсетуі тиіс. Оқушыларға «Нені үйрету керек? « екенін мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары белгілейді. Ал «Қалай үйрету керек?»,- деген сауалға жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжай, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігінен іздеу қажет. Баланың «индивидуалдылығын» ескеріп, «даралығын» деріптеп, субъектілігіне сүйену арқылы ғана оның толыққанды дамуына жол ашуға болады. Білім алушылардың ішіндегі көшбасшылардың немесе ең белсенділердің ғана емес, барлығының көзқарастарына көңіл бөліп, қолдау көрсету, олардың пікірлеріне шынайы қызығушылық таныту. Сондықтан да бүгінгі күні білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез-келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды қалыптастырады. Құзырлылық – бұл жемісті әрекет ету үшін тұлғаның өзара байланысты сапалық қасиеттерінің жиынтығы /білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері /

Құзырлы маман, құзырлы адам – бұл өте ұтымды перспектива. Оның негізгі құрамдас бөліктері:

1.бұл тек ақпарат емес, ол динамикалық, әр түрлі, тез өзгеретін, іздей білуді, керек емесін алып тастауды қажет ететін білім;

2.білімді нақты жағдайда пайдалана білуі, білігі, осы білімді қандай тәсілмен алуды түсінуі;

3.компьютерлік білімі арқылы қажетті ақпаратты іздеп, оны тез өңдеп, заманауи инновациялық технологияларды кең пайдалана алуы;

4.жеке тұлғалығын жетілдіру құзыры, өздігімен дамуы, ізденуі.

Құзырлылық – ол тереңнен берілетін білім. Мұғалім жеке тұлғаның құзырлылығын қалыптастыруы арқылы ғана нәтижеге бағытталған білім бере алады. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалім тек өз пәнінің терең білгірі болуы аз, мұғалімнің тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық, ақпараттық мұғалім оқушының психологиялық ерекшелігін ескеріп, оңай деңгейден күрделі деңгейге ауыстыра алып, ақпаратты төмен деңгейлі оқушыларға түсінікті етіп, жоғары деңгейлі оқушыларға біліміне сай жасап, барлығын назардан тыс қалдырмай сабағын жоспарлағанда ғана өнімді сабақ бере алады. Сондықтан сабақ кезеңдерінде мақсат, нәтиже мен іс-әрекет түрлері нақты айқындалуы қажет. Қазіргі таңда проблемалық оқыту өзекті болып, көшбасшылық позициясында тұр. Өйткені проблемалық оқыту оқушының өз бетінше ізденуіне, мұғалім мен оқушының арасындағы шығармашылық қарым-қатынасты нығайтуға, танымдық белсенділік пен құзырлылықты арттыруға негізделген. Себебі оқушы проблемаларды шешуші болса, ал мұғалім бағыт-бағдар беруші, ұйымдастырушы ролін атқарады. Құзырлы мұғалім оқушыларды ойландырудың мүмкіншілігін қалт жібермей, шығармашылық жазу тапсырмаларын ұсынып отыруы қажет.

Ойланудың ең қиын түрі – жазу. Адам миы жазған кезде белсенді болып, дами түседі. Сонымен бірге жағымды психологиялық климат құру – әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсаты. Мұғалім сабақ басында шәкірттерінің көңілін көтеру үшін және олардың назарын сабаққа аудару мен жұмысқа ынталандыру мақсатында ойсергектер қолданғаны тиімді. Ойсергектер оқушылардың өздерін еркін сезінуіне сенімсіздік пен секемдіктен арылуына ықпал етеді. Сенім арту арқылы біз шәкірттерімізге жауапкершілік жүктейміз, оларды шабыттандырып, оларға қанат бітіреміз.

Табысты мұғалім әр сабағына жаңалық енгізіп, жұмыс тиімділігін арттырып отырады. Оқушы сабаққа «Бүгін қандай тәсілдермен танысар екенбіз», - деген оймен ынталанып келсе керемет емес пе? Мұғалім сабақта әр оқушының білімге деген қажеттілігін, яғни мотивациясын оятып, оқу процесінде оқушының білімге деген үйрену әрекеттерін айқындауы тиіс. Білім өзінің классикалық анықтамасы бойынша тұлға жетістігі дегенді білдіреді екен. Ендеше ұстаздар шәкірттерінің тұлғалық қасиеттерін, адамдық болмысын, жетістіктерін қалыптастырады. Әр тұлғаның жеткен жетістігі – мұғалімнің табысты мұғалім екендігінің айғағы.

ДІН ДҰРЫС ҰСТАЙ БІЛСЕҢ – ҚАСИЕТІҢ,
ҰСТАЙ БІЛМЕСЕҢ – ҚАСІРЕТІҢ

№ 211 А. Байтұрсынов атындағы орта мектептің
9 «Б» сынып оқушысы Беркімбай Нұрай
Жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Батракова Лаура Майдановна

Бисмиллаһ тілегімді бер, Тағалам,
Тұлпардың туа біткен серті аман.
Батырдың рухыменен байрақ ұстап,
Ақынның жырыменен шер тараған.
Атамыз әулие мен көппе болып, көкте атанған,
Аруағың демеу болып келсе маған.
Шапқанда шаршы топтан сүрінбесін,
Алтынның сынығындай ерке балаң, - деп сөзімді
өлең шумақтарымен бастағанды жөн санадым.

Дініміз – Ислам, кітабымыз – Құран, Пайғамбарымыз
ақырдың Пайғамбары – Мұхаммед (с.ғ.с.), беріміз
де Алланың құлымыз дей отыра, салт-сана, дәстүр-
үрдістерімізден ауытқымауымыз керек. Біздің ата-ба-
баларымыз Есімханның ескі жолын, Қасымханның
қасқа жолын үгіттеп, насихаттап отырған. Қасиетті
Құранда «Мен сендерді ұлт еттім, ұлыс еттім, өз
тектеріңді білдіңдер!», - делінген. Қазаққа «Жеті атасын
білмеген – жетесіз, тегін білмеген – тексіз», - дейді.
Яғни, дін мен ділімізді біліп, ұштастыра отырып,
қазақы сана-сезімімізді ұлап алмауымыз керек.

Ел егемендігі дінімізбен қайта қауышуға жол
ашты. Алла тағаланың сөзі – қасиетті Құран көрімнің
мағынасы және түсінігі мен өз ана тілімізде танысқалы
көп уақыт бола қойған жоқ. Қасиетті Құранның ағылшын
тіліндегі мағынасы мен түсінігінің 32 үлгісі болса, ал
бізде әлі онға жете қойған жоқ. Шығыс түркістандық
қандастарымыз Ғазиз бен Мақаш Ақытұлдарының
1990 жылдардың қазан айында Бейжін қаласында
төте жазумен ана тілімізде жарық көрген мағынасы
мен түсінігі кириллица әрпімен түсіріліп, Алматыда
халықаралық «Абай» қорының жанындағы «Иман.
Қазақстан» рухани орталығының демеушілігімен ба-
сылып шығып, сауда орнына түскен.

Ислам діні бойынша әрбір айдың өзіндік қадір-
қасиеттері болады. Қазақстанда қасиетті Рамазан
айы, Ережеп айларының өзіне төн ерекшеліктерімен
аталып өтіледі. Рамазан айында көптеген жақсы
амалдарды көбейткен сайын алар сауабың да мо-
лаяды. Мұсылман қауымы исламның үшінші шарты
– ораза ұстау ғибадатын атқарады. Балалар үйлеріне
қайырымды жандар қайырымдылық көмегі арқасында
аяғынан нық тұрып, қараусыз қалған жетімдерді
бағып-қауға көмектеседі, жер-жерлерде дәстүр бой-
ынша ауыз ашар беріледі, жаңадан мешіттер ашыла-
ды, ақсақалдар халыққа ақ батасын береді.

Қазаққа он екі айдың төртеуі құрметті айлар болып
есептеледі. Осы төрт құрметті айдың бірі – ережеп айы.
«Ережеп» сөзі араб тіліндегі «ражаба», яғни ұлықтау,
мадақтау деген мағыналарды білдіреді. Қасиетті ере-
жеп айында бұрын соғыспайтын, ұрыс-керіс, жанжал
болмайтын, әрбір мұсылман дұға, мінәжат, ғибадатын
күшейтіп Жаратушы Иемізді ұлықтауды күшейтеді.

Әрбір адам бұл айда Алланы көбірек еске алып, біліп-
білмей істеген қателеріміз үшін кешірім сұрап тәубеге
келуіміз керек.

Қазақтың тұсау кесер, сүндет той, сырға салу, бесік
той, құда шақыруларында дінімізге қарсы ешқандай
қарама-қайшылық жоқ екен. Қазаққа: «Батаменен
ел көгереді, жаңбырменен жер көгереді», «Қарғыс
алма, алғыс ал», - дейді. Қазіргі көгеріп, көктеп жатқан
егеменді еліміз дінімізді берік ұстап, жас Астанамыз
бас қала болып келе жатыр. Абай атамыздың қара
сөзінде: «Махаббатпен жаратқан адамзатты сен де
сүй, ол – жаннан төтті», - делінген. Демек, жаныңнан
төтті нәрсе жоқ. Ол туралы «айырыларсың жаннан да,
дүниеде дініңді сатпа – қаңғып қаларсың тұманда», -
деп айтуға болады.

Қазір басқа елдерде бүлік шығарып, жарылыстар
ұйымдастырып, неше түрлі ағымның жетегіне еріп
кетіп жатқандарды көріп қатты күйзелесің. Дініміздегі
Ислам деген сөздің мағынасының өзі – «бейбітшілік
сенімі» деген сөз екен.

Қазақстанда жүз отыздан астам ұлт өкілдері
тұрады. Олар әртүрлі дін ұстанады. Түрлі діни конфес-
сиялар бір-бірімен ынтымақтастықта, ауызбіршілікте
бір шаңырақтың астында бейбіт өмір сүруде.

Әртүрлі ұлт өкілдері ислам дінін таңдауда. Астанаға
2010 жылы маусым айының 28-не әлемді аузына
қаратып кәсіпқой бокстан көп жүлделер ұтқан «темір»
Майк Тайсон келді. Ол ислам дінін қабылдаған. Ол
жамағатпен бірге тұрып, намазын оқыды. Намаздан
соң мешіт ауласына шығып, боксші жол жиегінде кай-
ыр сұрап отырған кайыршыға садақа берді. Бұл да
боксшы бойындағы мұсылманшылықтың бір сипаты
деп есептеуге болады.

М. Тайсонның айтуынша өзінің ислам дінін
қабылдағанына - 29 жыл болған. Биыл әйгілі спорт-
шы 48 жасқа толып жатыр. Ол ислам дінін 19 жасын-
да қабылдапты. Бұл оның бокс өлеміне түбегейлі
өзгеріс әкелген спорттық жолының басталған жолы.
2003 жылы «темір» Тайсон Мекке – Мәдина жерінде
болып, қажылық парызын өтеп, Майк қажы атанғанын
да айта кеткенді жөн деп санаймын.

Бұл секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады.
Мінекей, көрдіңіздер ме? Басқа ұлттың өкілдері ис-
лам дінін қабылдап жатқанда, өзіміз мұсылман бола
тұра, көй кездері дінімізді толық құрметтей алмай
жатқан кездерді көргенде қатты қынжыламын.

Дін жайлы әрине ұзақ айтуға болады. Бірақ та біз
не айтсақ та, не істесек те дінмен айналысып жүрген
ғалымдар мен діни қызметкерлермен ақылдасып ба-
рып, білімімізді жетілдіргеніміз жөн деп есептеймін.
Біз секілді жас жеткіншектердің әлі үйренері көп деп
ойлаймын.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ «БӘЙГЕ»
(САЙЫС САБАҚ)

Әліпбаева Гүлжан Жарыпқақызы
№211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің география пәнінің мұғалімі

Сайыстың мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың физикалық география
пәні жайлы алған білімдерін жүйелеп, жинақтап,
орытындылау;

Дамытушылық: Ұлттық ойындарды пайдалану
арқылы оқушылардың болашақта география пәніне
деген қызығушылығын арттыру, географиялық
ойларға жетелеу, сұрақты тез шеше алу қабілеті
мен географиялық мәдениетін қалыптастыру және
шығармашылық ізденісін дамыту;

Тәрбиелік: Оқушылардың топта жұмыс істей білуге,
ынтымақтастыққа, ізденімпаздыққа, дүниетаным-
дарының қалыптасуын тереңдету түсуге, өз бетінше
жұмыс істей білуге тәрбиелейді.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, бейне көріністер,
физикалық карта, глобус. Сайыс бағдарламасы
(«Бәйге» сайысына қысқаша түсініктеме беру.)

Сайыстың тапсырмалары:

I. Таныстыру; II. «Аламан» бәйге; III. «Жорға»
бәйге; IV. «Құнан» бәйге; V. «Тай» бәйге
Ұйымдастыру бөлімінде «Бәйге» сайысының шар-
ты туралы қысқаша түсініктеме беріледі.

Бәйге – қазақтың ұлттық ойыны, ат жарысы. Қазақ
халқы ұлдарына арнап құлын көзінен бәсіре байлады.
Соны баптап тәрбиелейді. Өсе келе бала 5 жастан ба-
стап атқа мінгенді сынау мақсатында бәйгеге қосады.
Бәйге ойынының өзі бірнеше түрге бөлінеді:

I. «Аламан» бәйге – аттар 30 шақырымға айдала-
ды.

II. «Жорға» бәйге – аттар 20 шақырымға айдалады.

III. «Құнан» бәйге – аттар 8 шақырымға аттанады.

IV. «Тай» бәйге – аттар 3 шақырымға айдалады.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді:

I. Әр топ өздерін таныстырады.

II. «Аламан» бәйге сайысы

I топ: I тапсырма: Көкпар (иә-жоқ, сұрақ - жауап)

1) Антарктида ең суық материк – иә

2) Мұхиттағы тіршілік 3 қабатқа бөлінеді – иә

II. Берілген сөздердің орнын табу.

1) Л П О Ю С – полюс

2) Т А Р К А – карта

III. Координат арқылы объектілерді табу.

1) Түбек 65° с.е; 142° ш.б. 2) Бұғаз 45° с.е; 15° ш.б.

II топ: I тапсырма. Көкпар (иә-жоқ, сұрақ-жауап)

1) Қазақстан Еуразия материгінде орналасқан – иә

2) Ең суы мол өзен - Амазонка – иә

II. Берілген сөздердің орнын табу.

1) А Л Ы Л Е П Р А – параллель

2) Қ З А Ж Ы – жазық

III. Координат арқылы объектілерді табу.

1) Бұғаз. 36° с.е.; 7° б.б. 2) Теңіз 18° с.е; 65° ш.б.

III «Жорға» бәйге сайысы

Кім картаны жақсы біледі? (объектілерді картадан
көрсету)

I топ: 1) Солтүстік мұзды мұхит алабының өзендерін
ата.

2) Еуразияның ең суық жерін көрсет.

3) Еуразияның шығысындағы теңіздер.

II топ

1) Тынық мұхиты алабының өзендерін ата.

2) Еуразияның шеткі нүктелері.

3) Еуразияның солтүстігіндегі теңіздері.

IV. «Құнан» бәйге сайысы:

Бейне көріністер тапсырмалары:

I топ

1) Бұл қай мұхит? Ерекшелігі .

2) Ең терең жері – 5527 м. Гренландия теңізі.

3) Қандай климаттық белдеуде орналасқан?

II топ

1) 500-ден астам саласы бар бұл қай өзен?

2) Ауданы жағынан неліктен дүние жүзі бойынша
бірінші орын алады?

3) Қандай климаттық белдеуде орналасқан?

V. «Тай» бәйге сайысы

I тапсырма. Кім жылдам? Ол кім? Бұл не? I топ

1) Гималай – тау

2) Қазақстан – мемлекет

3) Лена – өзен

II топ: 1) Байкал – көл

2) Чукот – түбек

3) Саванна – табиғат зонасы

II тапсырма. «Ең, ең, ең ...»

I топ: 1) Ең биік шың – Джомолунгма

2) Ең үлкен түбек – Арабия

3) Ең кіші материк – Аустралия

II топ: 1) Ең үлкен көл – Каспий

2) Ең биік сарқырама – Анхель

3) Ең үлкен климаттық белдеу – Қоңыржай

III тапсырма «Географиялық диктант»

I топ

1) дегеніміз – әр түрлі газдардың қосындысы.

2) Саргасс теңізі мұхитында

II топ: 1) Таулар биіктігіне қарай ..., ... және ... болып
бөлінеді.

2) атмосфералық қысым ... деп аталатын құралмен
өлшенеді.

IV тапсырма «Капитандар сайысы». Адаққан ны-
сандарды сәйкестендір.

I топ

Ертіс түбек Жайық сарқырама

Гималай мұхит Тянь-Шань мұхит

Таймыр арал Камчатка өзен

Атлант өзен Анхель тау

Ява тау Үнді түбек

V тапсырма «Жанкүйерлермен сайыс»

I топ

1) Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қашан
алды? (1991 жыл 16 желтоқсан)

2) Тенгенің айналысқа енген күні? (1993 жыл 15
қараша)

II топ

1) Қазақ елінің тұңғыш ғарышкері кім? (Тоқтар
Әубәкіров 1992 ж)

2) Қазақстанда қанша облыс бар? (14)

АТЫ ӨНГЕ АЙНАЛҒАН БАЛҚАДИША

Қызылорда қаласы, №211 А.Байтұрсынов
атындағы орта мектептің музыка пәні
мұғалімі Төлеутаева Ләззат Сүйінтайқызы

Сабақтың мақсаты: Ақан сері шығармашылығымен танысу.

1. Білімділік: Ақан серінің «Балқадидиша» атты өнінің шығу тарихымен танысу.

2. Дамытушылық: Өн айту, есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Тәрбиелік: инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, жан-жақты эстетикалық тәрбие беру.

Сабақ түрі: аралас

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, сөзжұмбақ шешу
Сабақтың көрнекілігі: оқулық, аспап, композитордың суреті, ұнтаспа, электронды оқулық, слайд, «Жігіттер» квартеті түсірген бейнебаянды тамашалау

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

2. Үй тапсырмасын сұрау. Ел еркесі Ақан сері Қорамсаулы. «Маңмаңгер» өні.

3. Жаңа сабақ мазмұны.

1. Музыка тыңдау. Ақан серінің өні «Маңмаңгер», «Балқадидиша».

2. Оқулықпен жұмыс.

3. Дауыс жаттығуы.

4. Жаңа өн – «Сырда туған баламын».

5. Сөзжұмбақ шешу.

Сабақтың барысы: Ақан серінің «Балқадидиша» өнінің шығу тарихы жайлы әңгімелеу.

Әйгілі Ақан сері Қорамсаулының «Балқадидиша» өнін тыңдаған әрбір жан басты кейіпкер Қадидиша қыздың тағдырына аяушылық білдіріп, ауыр күрсінетіні сөзсіз. Бұл өн туралы ел аузында әңгіме көп. Ақанның ел аралап, сал-серілік құрып жүрген кезі. Бір күні Ақан сол кездегі есімі көпшілікке мәлім, танымал кісінің аулына бас сұғып, шілдехана тойының үстінен түседі. Ауылға танымал серінің ат басын бұрғандығы туралы естіген халық оған ілтипат көрсетіп, қошемет білдіреді. Алайда төрде отырған Ақанның жанына ешкім жақындамайды. Бұл ел аузында Ақан сері туралы алып-қашпа сөздердің кеңінен етек алған тұсы еді. Ақанның қиялға беріліп, жын-перілермен қатысы барын алға тартып, жас қыздар серіден үрейленген. Ақан сері де, қыздар да өздерін жайсыз сезініп, отырыстың берекесі қашқандай болады. Осы кезде Қадидиша қыз «Сері ағамның жанына мен отырайын», - деп Ақанның жанына келіп отырады. Мұны естіген Ақанның көңілі жайланып, іштей жібек мінезді қызға риза болып отырады. Отырыс барысында әндер орындалып, зерделі әңгіме-аңыздар айтылады. Серінің жанында Қадидишаның отырғанын ағалары естіген бойда екі жеңгесін жіберіп, қызды алып шығуын тапсырады. Алайда Қадидишаның қайтқысы келмейді. Ақанның да оны жібергісі келмейді. Екеуінің арасында бір қимастық сезім орнайды. Қадидиша қайтуға жиналғанда Ақан сері қолына домбырасын алып, екі шекті қағып жіберіп, жаңа бір әнді бастайды.

- Дегенде Балқадидиша, Балқадидиша,
Өзенді өрлей өскен тал Қадидиша.

Бір емес, екі жеңге келіп отыр,

Рұқсат бізден сізге, бар Қадидиша, - деп өлеңмен қимай қоштасады.

Ақан сері Балқадидишаны ұнатқанымен, оған қосыла алмайды. Себебі қызды басқа адамға айттырып қойған.

«Күйеуің сексен бесте шал, Қадидиша», - деген жолдарын алға тартып кейбір аңыз деректер Қадидиша әу бастан, үлкен шалға атастырылған деп айтылуда. Алайда, Қадидиша қыз үлкен кісіге емес, өз теңіне атастырылып, кейіннен ұзатылған. Балқадидишаның ұзатылғанын естіген Ақан сері бірнеше күн нәр татпастан жатып қалады. Сөйтіп Ақан қоштасу сәтінде туған өнін әрі қарай жетілдірген. Бұл өннің соңғы өлең жолдары мынадай болған:

«Көкілін кер бестінің сылағаным,
Басынан Жыландының құлағаным.
Кетті деп Балқадидиша естігенде,
Құшақтап құс жастықты жылағаным.
Тау болсаң, Жыландыдай биік тау бол,
Шапанға ширатпалы жібек бау бол.
Атадан артық туған Балқадидиша,
Көргенше енді қайтіп, есен-сау бол», - деп іштегі мұң-шерін өлеңмен шығарады. Өнді «Балқадидиша» деп атайды.

Ақан серінің бұл өні қазақтың кең даласына тарап кетеді.

Ұзақ мұңлы өннің 90 шумағы болған деседі. 1988 жылы Қайролла Жүзбасовтың құрастыруымен «Өнер» баспасынан шыққан кітабында «Балқадидиша» өнінің 3 нұсқасы көрсетілген. Өн кейіпкері Қадидиша Сүлеймен деген текті атаның баласымен бас қосып, үлкен әулеттің босағасын аттаған. Үш қыз, екі ұлдың анасы атанып, 1953 жылы өмірден өткен. «Балқадидиша» өнін кезінде аты аңызға айналған Әміре Қашаубаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков орындаған. Кейін Қайрат Байбосынов, Рамазан Стамғазиев, Гауһар Әлімбекова, «Жігіттер» квартеті өз репертуарларына қосқан.

Музыка тыңдау. Ақан серінің өні «Балқадидишаны» өнші Жүсіпбек Елебековтің орындауында тыңдау және «Жігіттер» квартеті түсірген бейнебаянды тамашалау. Өннің ырғағы ойнақы сияқты болғанымен, мұңды өн екеніне назар аударған жөн. Сөзін оқушыларға оқып беремін.

Оқулықпен жұмыс. 8-9 бетті оқу.

Дауыс жаттығуы: «Айгөлек» өнінің қайырмасын орындату.

Жаңа өн: «Сырда туған баламын.

Өні жергілікті сазгер Ақзира Еспенбетованікі;

Сөзі жергілікті ұстаз – ақын Зағира Еспенбетованікі.

1. Туған өлкем бақ маған,

Жыр елім деп мақтанам.

Сұлу Сырым саянда,

Еркелеймін, шаттанам.

қ/сы: Сырда туған баламын,

Өнер қуған дарамын.

Мыңнан тұлпар атанып,

Жүзден жүйрік боламын. 2 рет.

2.Туған өлкем Сыр елім,

Қасиетті киелім.

Әуелете өзіңді

Өнге қосып жүремін.

3.Туған өлкем жайнаған,

Бақта құсы сайраған.

Балдырғанбыз бақытты,

Шаттық толы айналам.

Алдымен өзім орындап беремін, сосын ұнтаспадан Жақсылықова Ботакөздің орындауында (4 сынып оқушысы) тыңдатамын. Өннің мазмұны туралы оқушылардан сұраймын. Сөзін оқытамын. Өн 3 шумақтан және қайырмадан тұрады. Көңілді, патриоттық рухта орындалады.

Сөзжұмбақ шешу.

С о з ж ұ м б а қ т ы
дұрыс шешкенде
«Балқадидиша» деген
сөз шығады.

1. С а р а м е н
айтысқан ақын

ТАБИҒАТ СЫЙЫ
(АШЫҚ САБАҚ)

Омарова Динара

А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: 1.Білімділік: оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту;

2.Дамытушылық: шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру

3.Тәрбиелік: табиғатты қорғауға, өлін, жерін сүйе, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу,экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу;

Көрнекі құралдар: интерактивті тақтаға әзірленген слайдтар, табиғат туралы нақыл сөздер, өлең шумақтары, гүлдер, суреттер.

Сабақтың түрі: дәстүрлі емес саяхат түріндегі ой-толғау сабағы

Сабақтың әдісі: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап,

тілек айту, пікірлесу, шығармашылық жұмыстар

Тәрбие сағатының құрылымы:

I бөлім Ұйымдастыру. Тыныштық сәті. «Табиғатпен сырласу»

II. Тәрбие сағатының тақырыбын айтып, мақсатын хабарлау;

III.Табиғат дегеніміз не?(саяхат-шолу)

(Біржан)

2.Ақан серінің қыран бүркітінің аты (Қараторғай)

3.Ақан серінің жүйрік аты (Құлагер)

4.Ақан серінің шын есімі (Ақжігіт)

5.Ақан серінің Құлагеріне арнап шығарған өні (Маңмаңгер)

6.Біржан салдың өні (Адасқақ)

7.Қайғылы, мұңды көңіл күйді бейнелейтін әуен (минор)

8.Ақан серінің туған жері (Көкшетау)

9.Біржан салмен айтысқан ақын қыз (Сара)

Сабақты қорытындылау.

1.Ақан сері Балқадидишамен қай кезде танысады?

2.Ақансері Балқадидишамен қалай қоштасады?

3.Не себепті Ақан сері Балқадидишаға қосыла алмайды?

4.Ақан серінің осы мұңды өні қалай аталады?

Бағалау: Оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады, марапатталады.

Үйге тапсырма: «Балқадидиша» өні туралы оқып келу. Өнді ұнтаспадан тыңдау. Сөзжұмбақты үйде аяқтау.

«Сырда туған баламын» өнін жаттау.

1. Тіршіліктің төрт негізі.

2. Табиғат байлығы – өсімдіктер.

3. Орман сәні – құстар.

4. Табиғаттың сұлу мүсіні – хайуанаттар.

Сергіту сәті: «Мейірімділікті табиғаттан үйрен!», «Мейірімді жүрек» ойыны.

II бөлім Ойын: «Гүл құрастыру»

IV. Ой-толғау: «Егер табиғатқа тіл бітсе...»

V. «Жүректен жүрекке» табиғатқа тілек айту.

VI.Сабақты қорыту. Өн шашу «Табиғат»

Сабақтың барысы: (Оқушылар дөңгеленіп отырады)

I. Ұйымдастыру: Тыныштық сәті «Табиғатпен сырласу»

1-жүргізуші:

Қайырлы, күн, ата-аналар, ұстаздар мен балалар! Күнде таңертең біз ояна салысымен, терезені ашып Табиғат-Анаға көз салып қараймыз.

2-жүргізуші:

Дәл бүгінгі күні Табиғат-Ана бізді несімен қуанты, бізге не айтады? Олай болса, біз сіздерді Табиғат-Анаға саяхатқа бірге шығуға шақырамыз.

1-жүргізуші:

Табиғат адамзаттың, жалпы тіршілік атаулының ежелден өмір сүріп келе жатқан ортасы, алтын бесігі. Табиғат-сұлулықтың таусылмас көзі. Ендеше біз бүгінгі саяхатымызды табиғатпен амандасудан бастаймыз.

Қайырлы күн, күнім, далам, орманым,
Қайырлы күн, гүлім, құсым, көлдерім.
Қайырлы күн, өсімдіктер, жәндіктер
Қайырлы күн, бар тіршілік иесі!

2-жүргізуші:

Өте жақсы! Барлығымыз орындарымызға отырамыз. Балалар, біз бүгін, сіздермен бірге қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсінігімізді кеңейтеміз, табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауды үйренеміз. Табиғатпен сырласып, оны түсінуге тырысамыз. Табиғат-Анадан мейірімділікті үйренеміз!

1-жүргізуші:

Балалар, жалпы табиғат дегеніміз не? Оларға нелер жатады? Ол үшін сөзжұмбақ шешелік. 1.Қап-қараңғы 2.Табиғат қандай? 3. Жазғы табиғат құбылысы. 4. Аспан мен жердің шекарасы. 5.Қай уақыттағы шық. 6.Үскірік не? 7. Жыл маусымы. Сөзжұмбақ шешуі «Табиғат»

2-жүргізуші:

Ендеше, саяхатымызды бастаймыз. Әрбір аялдамада дәйексөздің сөздерін таба отырып, соңында толық шешуін табатын боламыз. Саяхатымыздың бірінші аялдамасы «Тіршіліктің төрт негізі» деп аталады. Сөз кезегі оқушыларға беріледі.

1-оқушы:

Бүкіләлемдік тіршіліктің төрт құдіретті негізі бар. Олар: Күн – Ана, Жер – Ана, ауа мен су. Адамзат күнделікті тіршілігінде осы төрт құдіретке сүйенеді. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат Күнді, Жерді анадай ардақтайды. Күн -барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Оның нұры – сәулесі, құдіретті күші – от. Күн – дем алатын ауамызды тазартушы.

2-оқушы:

Тіршілік атаулының өмірлік өзегі, арманы – таза ауа. Тіршілікте не ғой дейсің ең қымбат, Тіршілікте адам қымбат, сен қымбат. Ал адамға ауа қымбат бөрінен Ауа қымбат, алатұғын дем қымбат. Табиғаттың басты байлығы-жер. «Күте білсең, жер – жомарт» деген халық мақалы тектен-текке айтылмаған. Жер бетіндегі тіршілік атауы қоректік нәрді топырақтан алады.

Топырақтан өмір ісі шығады

Оны денең тиіп кетсе ұғады.

Еңбегінді есесінен беретін.

Жақсылықта топырақтан шығады.

4-оқушы:

Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саяла баққа айналдыратын байлық көзі – су. Су – адамзаттың тіршілік көзі. Сусыз жер бетінде тіршілікті елестету мүмкін емес. Су – адам жүрегіне жыр, көңіліне нұр, сезіміне гүл сыйлайтын берекелі зат.

Су деген тіршіліктің қаны емес пе,

Су деген табиғаттың жаны емес пе?

Су жоқ жерде өмір жоқ, ол ақиқат,

Күміс су, қара жердің сәні емес пе?

2-жүргізуші:

Иә, балалар қаламыздың ортасынан сырдың сұлу өзені Сырдария ағып жатыр. Ол жайлы көптеген ақын-сазгерлеріміз өлең жазып, ән шығарған. Оны

тазалықта сақтау әрбір адамның парызы. Айгерімнің орындауындағы «Сырдария» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Көрініс «Табиғат емшілері»

2-жүргізуші:

Келесі екінші аялдамамыз «Табиғат байлығы – өсімдіктер» деп аталады.Табиғат байлығының бір тобы – жер бетіндегі өдемі өсімдіктер. Олар туралы не айтамыз?

5-оқушы:

Өсімдіктер, ағаштар табиғатымызды түрлендіріп тұрған түкті кілем сияқты. Халқымыз өсімдікті өмір өзегі деп алып, одан қамқорлығын еш аямаған. «Әкеңнен мал қалғанша тал қалсын» деген көрнекті сөз соның айғағы. Ысырапсыз пайдаланғандықтан өсімдіктердің кейбір түрлері азайып бара жатқандықтан олардың 300-ге жуығы Қызыл кітапқа енгізілді.

6-оқушы:

Көзін ашып, бақ өсір бұлағыңа,

Айналың құтты қоныс тұрағыңа.

Жайқалсын өлкемізде саялы бақ,

Бөленіп күннің нұрлы шуағына.

7-оқушы: Табиғатты қорғау үшін бөріміз күресейік,

Бір-бір ағаш және гүл егейік.

Текке отырмай жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін төрімізді төгейік.

8-оқушы: Қадір тұтіп табиғат қасиетін,

Әділдіктің алдында бас иетін.

“Мал қалғанша атаңнан, тал қалсын”, -деп

Бадам айтқан орынды өсиетін.

9-оқушы: Отырғыз ағаш көктемде,

Жөн болар еңбек еткенің.

Келмесе шамаң екенге,

Сындырма жұрттың еккенің!

1-жүргізуші:

Өлкемізге көктем келіп, төңірек шуаққа малынды. Қыс бойғы қасат қар еріді. Табиғат оянып түрлене бастады. Ботакөз бен Айгерімнің орындауындағы «Көктем» әнін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

Расында да, өлкемізді саялы баққа айналдыру әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Ал сол өдемі табиғатымызды әсем өнге бөлейтін не, балалар? Олай болса келесі аялдамамыз «Орман сәні құстар», -деп аталады. Бұл туралы не айтасындар?

10-оқушы:

Табиғаттың сәні де, әні де қалықтай ұшқан құстар. Олардың әсем әндері бойымызды балқытып, еріксіз еліктіреді. Олар – біздің қанатты достарымыз. Олар -табиғат сақшылары. Егістіктің, бау-бақшаның сенімді серігі. Сондықтан ата-бабамыз құстарды қадірлеп, құрметтеген. Олар батыр ұлдарын сұңқарға, сұлу қыздарын аққуға теңеген.

11-оқушы:

Құс – табиғат, өмір көркі. Ән мен сәннің иесі – бұлбұл, орман-тоғай емшілері – тоқылдақ. Боз даланың бозала таңынан шырылдап өнге басар құсы – бозторғай.

12-оқушы:

Қазақтар құстарға қарап ауа райын да болжай білген.

• Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.

• Сары шымшық ысқырса- шынымен күз болғаны.

• Қарға қарқылдаса -қар жауады.

13-оқушы:

• Жыл құсы қаптап кетсе – көктем ерте келеді.

• Көкек қатты өрі жиі шақырса – күн жылиды.

• Сауысқан шақылдаса, қонақ келеді.

• Ерте көктемде қарға суға шомылса, күн жылиды

1-жүргізуші:

Айтсақ өніміз, ардақтасақ сәніміз, табиғаттың көркі құстарды қорғау әрқайсымыздың парызымыз. Құстарды табиғаттың әні десек, табиғаттың сәнін көлтіретін тағы да нелер деп ойлайсындар? Келесі аялдамамыз «Табиғаттың сұлу мүсіні хайуанаттар» деп аталады.

14-оқушы:

Табиғаттың сұлу мүсіні, көрікті келбеті – хайуанаттар. Халқымыз ежелден-ақ жануарларды көзінің қарашығындай аялап, қамқорлыққа алған көздері мөлдіреп тұрған қыздарын «Ботакөз» деп атаған.

15-оқушы:

Бүгінде орманның сәнін көлтіретін жан-жануарлар азайып келеді. Соның бірі қазақ жерінде тас дәуірінен бері тіршілік етіп келе жатқан ғажайып хайуанаттар өкілі –Ақбөкен болып табылады. Оны халық көбіне киік деп атайды. Оның мүйізінің өзінен өкпе қабынуын, жүрек ауруын т.б ауруларды жазатын емдік қасиеті бар екен. Қазақта киікті «қасиетті аң, киелі аң» деп атауы осыдан болса керек.

16-оқушы: Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.

2-жүргізуші:

Өте жақсы, балалар біз табиғаттың тамаша туындыларына саяхат жасадық. Қандай дәйексөз шықты бірге оқып көрелік. Табиғат-Ана адамзат баласына бар қажетті нәрсенің барлығын да беріпті. Ол бізге дем алсын деп ауа берді, ішсін, бар қажеттіне жаратсын деп мөлдір су берді, ғажайып жасыл әлем сыйлады, орман-тоғайымыз өдемі болсын деп құсы мен өдемі аңдарын берді, қысқасы біз өмірге қажеттінің бәрін Табиғат- Анадан алады екенбіз.

1-жүргізуші:

Ол қандай мейірімді, өзі қандай дархан,кең болса да, жүрегі де дәл сондай қайырымдылыққа, мейірімділікке толып тұр. Олай болса біз, балалар дәл қазір Табиғат-Анадан үйренген мейірімділігімізді бір-бірімізге арнаймыз. Ойынның аты: «Мейірімді жүрек» деп аталады. Әр бала бала қасындағы көршісіне, досына оның жақсы қасиетін білдіретін сөздерді айтып жүрекшені ұсынады.

1-жүргізуші:

Алтын дөңді даламыз бар,

Ақ күмістей қаламыз бар.

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы мәнің, туған өлкемі!, -деп ақындарымыз туған жерлерінің табиғатын сөзбен көркемдеп жеткізе білген. Ал, біздің Мақсат «Сырда туған баламын» деген өлеңмен туған жеріне деген сүйіспеншілігін

білдіреді.

2-жүргізуші:

Ата-бабамыз “Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық”, -деп тегін айтпаған. Жас ұрпақтың көкейіне құйып, оларды сақтап, қорғауға бауылып, тәбиелеген. Табиғатқа деген сүйіспеншілігімізді білдіретін мақал-мәтелдер өте көп. (Оқушылар өздері білетін мақал-мәтелдерді айтады.)

*«Ер – елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі»,
*«Қорада малың болсын, көшеде талың болсын»,
*«Дәрі шөптен шығады, дана – көптен шығады», *«Бір тал кессең, он тал ек», *«Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», *«Сұлу жер құрақсыз болмас, таулы жер бұлақсыз болмас», *«Бұлақ көрсең, көзін аш», *«Жылап жүріп арық қазсаң, күліп жүріп су ішерсің»

1-жүргізуші:

Сұлу табиғатымызды аялай білейік, табиғатты сүю парыз, сүю үшін қорғау – парыз. Олай болса, «Гүл құрастыру» ойынын ойналық. Шарты: Үстел үстіндегі гүл күлтешелерін алып, орман-тоғайға, ауа -суға, жануарлар мен құстарға байланысты тыйым сөздерді айтып, гүл құрастырамыз.

17-оқушы:

Күн сәулесі төгілгені өдемі,

Алуан түрлі қызыл гүлдер өдемі.

Сылдыр қаққан мөлдір суда өдемі.

Биік-биік шыңдарым да өдемі.

Айдын көлде аққу қандай өдемі

Сұңқар құстың самғағаны өдемі

Даланы өнге бөлеген құстарым қандай өдемі

Мөлдіреген көздері киігім қандай өдемі

18-оқушы:

Ақ көрпеге оранған қысым қандай өдемі.

Масатыдай құлпырған көктем қандай өдемі

Асыр салып ойнайтын жазым қандай өдемі.

Сары түске боялған күзім қандай өдемі.

Осылайша табиғатқа бір қарап

Табиғатпен сырласу да өдемі.

Жер-Ананы аяласаң жан-тәнмен

Боласындар сендер де, дүниедегі ең өдемі!

2-жүргізуші:

Ой-толғау. «Егер табиғатқа тіл бітсе...»

Оқушылардың ой- пікірлерін тындау.

1-жүргізуші:

«Жүректен жүрекке» табиғатқа тілек айту.

Табиғатқа арнап қандай тілек білдіресіңдер? Ойларыңды білдіріп үстел үстінен күн шуақтарын алып, күнді толықтырыңдар.

1-2-жүргізушілер:

Табиғаттың панасымыз-

Түйіп айтар сөзіміз.

Табиғаттың панасы-

Біздің мына өзіміз.

Хор: Ән шашу «Табиғат»

Хормен: Табиғат сені сүйеміз, басымызды иеміз.

РАЦИОНАЛ БӨЛШЕКТЕРДІ ҚЫСҚАРТУҒА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ
(АШЫҚ САБАҚ)Даулетбаева Н
№211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің
математика пәнінің мұғалімі

Сабақтың тақырыбы: Рационал бөлшектерді көбейту және бөлу тақырыбына есептер шығарту
Сабақтың мақсаттары:

1. Білімділік: Рационал бөлшектерді көбейту және бөлу алгоритмдеріне байланысты ережелері мен қасиеттерін меңгеріп, есептер шығаруды қолдана білу;
2. Тәрбиелілік: Оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетінше ізденуге тәрбиелеу;

3. Дамытушылық: Ойлау қабілетін, танымын, пәнге қызығушылығын дамыту.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес сабақ
Оқыту әдістері: Сұрақ-жауап, есептер шығару, тест алуда дидактикалық материалдарын ізгілендіру, деңгейлеп оқыту техникасын қолдану.

Көрнекілік: Сұрақтар, формулалар, тест жұмыстары (интерактивті тақта)

Сабақтың барысы: 1.Ұйымдастыру (2мин)
оқушылардың сабаққа дайындығын, қатысуын тексеру.

2. Ұй тапсырмасын тексеру. (№270, 271)
3. «Бәйге» ойыны (сұрақ-жауап арқылы өткенді қайталап қорытындылау) (7 мин)
4. «Жауабыңды сәйкестендір» (№273 есеп бойынша)
5. «Өзіңді тексер» (Деңгейлік тапсырмалар)
6. «Жұмбақтар» сайысы
7. Тест тапсырмалары
8. Қорытындылау, үйге тапсырма беру, оқушыларды бағалау.

Сабақтың мақсатын айту, сабақтың өту ережесімен таныстыру, сабақты ойын түрінде өткізу.

Бүгінгі сабағымыз 5 бөлімнен тұрады.

I бөлім. «Бәйге» ойыны.

Бәйге ойыны – ат жарысы. Оған жүйрік бапталған атпен шабандоздар қатысқан. Ал, біздің мақсатымыз: өткен материалға байланысты қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беру.

Жоғарыдағы сол жақтағы 15. Рационал бөлшектерді көбейту ережесі қалай тұжырымдалады?

Жоғарыдағы 10. Рационал бөлшектерді бөлу үшін қандай алгоритмді қолданамыз?

Жоғарыдағы оң жақтағы 15. Бөлшек өрнек дегеніміз не?

Ортадағы сол жақ 5. Бөлшекті қысқарту дегеніміз не?

Ортадағы 25. Рационал өрнектер дегеніміз не?

Ортадағы оң жақтағы 5. : =

Төменгі сол жақтағы 10. : =

Төменгі ортадағы 15. : =

Төменгі оң жақтағы 10. : = 7

II бөлім. «Жауабыңды сәйкестендіру» ойыны бойынша (10-12 мин).

Сынып 3 топқа бөлінеді. №273 есеп бойынша

I-топ.

=

II-топ.

=2

III-топ.

I-топ.

II-топ.

2

III-топ.

2z

III бөлім. «Өзіңді тексер»

I деңгей. 1)

2)

II деңгей. 1)

2)

III деңгей. 1) 5a – 5

2)

IV бөлім. «Жұмбақтар сайысы».

1) Он біртүйе, бес жылқы,

Екі сиыр, бес ешкі.

Екі қоян, үш түлкі,

Таба алмасаң бос күлкі. (28)

2) Басында таяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Сегіз тұяғы бар,

Иегінде сақалы бар. (ешкі)

3) Екі айнасы бар, екі найзасы бар,

Төрт сылдырмағы бар,

Бір шыбыртқысы бар. (сиыр)

V бөлім. Тест тапсырмалары.

I нұсқа.

1. Бөлшекті қысқартыңдар.

A) B) C) D)

2. Көбейтуді орындандар:

A) B) C) D)

3. Бөлуді орындандар:

A) B) C) D)

4. Өрнекті ықшамда:

A) B) C) D)

II нұсқа.

1. Бөлшектерді қысқартыңдар:

A) B) C) D)

2. Көбейтуді орындандар:

A) B) C) D)

3. Бөлуді орындандар:

A) B) C) D)

4. Өрнекті ықшамда:

A) B) C) D)

Қорытындылау: Оқушылардың рационал бөлшектерді көбейту және бөлуге байланысты қолданылған ойындар, тесттер, деңгейлік тапсырмаларға байланысты жұмыстарын қорытындылау.

Үйге тапсырма: №275 (2,4,6), №276 (2,4,6).

Оқушыларды бағалау.

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

Айдаболова Қаракөз Батырхановна
№211 А.Байтұрсынов
Бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

1. Күрделі сөздер туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, күрделі сөздердің бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратынын ұғындыру;

2. Күрделі сөздерді туынды түбір, еркін сөз тіркесінен айыра білуге үйрету; 3. Сөйлем ішіндегі күрделі сөздерді таба білу, сөйлем құрастыруда күрделі сөздерді пайдалана білу біліктерін арттыру. Оқушылардың ғылым-білімге деген құштарлығын арттыру, А.Байтұрсынов туралы білетіндері толықтыра түсу

Сабақтың әдісі: түсіндіру, практикалық сабақ, жаттығу

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, кесте интерактивті тақтада дайындалған слайдтар

VI. Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабаққа назар аударту

- Балалар, бүгінгі қазақ тілі сабағымызға қоңқтар келіпті қонақтарға жылы лебіздерімізді білдірейік.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз

II. «Ой қозғау»

- Балалар, бүгінгі қазақ тілі сабағына «Сөзстан» елі хат жіберіпті. Хат ішінде әр түрлі, ойындар, тапсырмалар бар екен.

- «Сөзстан» елі сендердің білімдеріңді байқамақшы.

- Кезектестіре отырып тапсырмаларды орындаймыз. Алғашқы (1) тапсырмасы «Жасырынған суретті тап» суретті табу үшін сұрақтарға жауап беруіміз керек.

1. Сөз дегеніміз не?

2. Сөз мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Қандай?

3. Жаңа сөз қалай жасалады.

4. Сөз тіркесі дегеніміз не?

- Жасырынған кімнің суреті екен?

- А.Байтұрсынов туралы не білеміз?

- Ендеше мектебіміздің осындай дана, данышпан, кеменгер кісінің атында болғанын мақтан тұтайық.

- 2- тапсырма. Математикалық ребус шешу

Шешуі күрделі сөздер; Дөптермен жұмыс; Күннің

реті; Көркем жазу

Ахмет Байтұрсынов- жүз қырық жаста.

III. Жаңа сабақ

Күрделі сөздер

1- жаттығу. Екі бағандағы қарамен жазылған сөздерді салыстыр. Оларға сұрақ қой. Қандай айырмашылықтары бар?

1. Мылтық даусын естіген арқар лезде жоқ болды.

1. Әжей сырмақтың ортасына арқар мүйіз оюын салыпты.

2. Жол жүргенде ол үнемі серік билетімізді тексерді.

2. Жолсерік біздің болып ілесетін.

3. Малшы қойларды қораға кіргізді.

3. Байдың қора- қора қойы болыпты.

Қорыта келе ережемен таныстырамын.

2- жаттығу. Екі бағандағы сөздерді салыстыру.

Қай бағанда күрделі сөздер, қай бағанда сөз тіркесі берілгенін дәлелдеу.

отыз қой

қызыл шар

ақшыл мата

Күрделі сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазу.

IV. Сергіту сәті

«Лездеме» тез жауап беру

1. Жиегі көгерген кілем қайдан көрінген? (көюкиек)

2. Нені қазып қала болған? (Жезқазған)

3. Екі сөз бірігіп қалай сайрайды? (бұлбұл)

4. Екі қазанның бірі сатылып кеткенде, неше қазан қалады? (бірқазан)

5. Баққаным әрі құс, әрі түйе. (түйеқұс)

6. Суы да ала, тауы да ала,

Бар ма екен осыны білетін бала? (Алакөл, Алатау)

3- тапсырма. 3- жаттығу. Топтық, жұмыс.

1-топ 2-топ 3-топ

Біріккен сөздер Қос сөз Түбірлердің тіркесуі

Шекара, асатаяқ, Алуан- алуан, жарқ-

жұрқ, Жол сілтеуші, жылы

Итбалық, қолбасшы, бума- бума, бірте-бірте,

шырай, қара торы,

Егеуқұйрық, саңырауқұлақ. ауызба- ауыз.

алпыс тоғыз.

4- тапсырма Терме диктант. Күрделі сөздерді теріп

жазу.

Үйдің айналасы тап-таза, жып-жинақы. Ауласында шоқ-шоқ гүл өсіп тұр. Ауыл Шымбұлақ өзенінің бойына орналасқан. Бұл аймақты Көктоған деп атайды. Дауылдан кейін теңіз қара көк түске өнді. Жарысқа біздің мектептен он бес спортшы қатысты.

5- тапсырма. Сөзжұмбақ шешу. Күрделі сөздерді тауып орналастыру, қандай сөз пайда болды.

1. Жандос сабақ оқыды.

2. Серік тас жолмен жүрді.

3. Атасының үйінде қора-қора қой бар.

4. Бірқазан көлге қонды.

5. Айгүл сөмкесін алды.

6. Әжем пешке таскөмір салды.

7. Мен Қызылордада тұрамын.

8. Байқоңырда ғарыш айлағы бар.

«Сөзстан» елінен келген хаттағы тапсырмаларды жақсы орындағандарың үшін сендерге «жарайсыңдар» деп риза екендігін білдірді.

V. Қорыту

Бүгінгі сабақта не үйрендік, нені білдік?

VI. Үйге тапсырма

5,6- жаттығу

VII. Бағалау

Сабаққа жақсы араласқан оқушыларды мадақтау.

СТИЛЬ, СӘН ЖӘНЕ КОСТЮМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК
(АШЫҚ САБАҚ)Бекенова Роза Камашқызы
№211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің технология пәні мұғалімі

Білімділік мақсаты: оқушыға сән, костюм, стиль сөздеріне анықтама беріп, білімін қалыптастыру;

Дамытушылық мақсаты: оқушының танымдық, қызығушылығын дамытып, техникалық жетістіктерін пайдалана отырып, сәнді таңдай білуге үйрету;

Тәрбиелік мақсаты: оқушының ойлау біліктілігін жетілдіріп, киімді орынды, жарасымды киюге, әсемдікке деген ынтасын арттыруға баулу;

Сабақтың типі: аралас сабақ;

Оқыту әдісі: интерактивті, сөздік түсіндіру, демонстрация арқылы;

Пәнаралық байланыс: тарих, информатика, этика, эстетика, музыка;

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта

Көрнекілік: слайдтар, киім үлгілері, видеоролик; Сабақ барысы:

I. Жаңа сабаққа тірек сұрақтар:

Киім – кию мәдениеті деп нені түсінесің?

Фурнитура дегеніміз не?

II. Жаңа сабақ мазмұны

Киім – адамзаттың материалдық мәдениеттілігінің негізгі бір элементі болып табылады. Адамзат қоғамының әр тарихи кезеңінде киім түрлері өзгеріп тұрады. Ол ортаның құрылысына, техникалық дамуына, әлеуметтік, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің ерекшелігі, халықтардың салт-дәстүрі мен көркемдік талғамына байланысты.

Қазіргі кезде әрбір адам өз қалауынша сәнді киінуіне мүмкіншілігі бар. Қолынан іс келетін, сол іске қызыққан адам, өзіне ыңғайлы да сәнді бұйым тігіп, киіп алады.

Енді, біз бүгінгі тақырыпқа тоқтайтын болсақ:

Тақырыбы: Стиль, сән және костюм туралы түсінік.

Сән (латынның *modus* – өлшем, әрекет тәсілі) – киім кию мәдениеті, өмірдің әр түрлі сферасында жеке талғамның уақытша үстем етуі. Сән – әлеуметтік құбылыс. Қоғамның дамуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады. Қазіргі сәнді демократияшыл деуге болады. Сән – таңдау идеясы мен еркіндігінің көптігімен, яғни әртүрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен, әртүрлі көлемдерімен, алуан түстің гаммалығымен ерекшеленеді.

Костюм (франц. *costume* – киім - кешек) – белгілі бір ұлттың, дәуірдің, әртүрлі қоғамдық топтардың тұрақты киім үлгісі. Киім үлгілерінің, пішіндерінің алмасуы қоғаммен бірге өзгертін әр дәуірдің эстетикалық идеясын, көркемдік бейнесін көрсетеді. Қоғамның дамуымен мемлекеттің пайда болуымен, тарихи формацияның өзгеруімен костюм түрлері де күрделене, жетілдіріле түсті.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Сән мен киім барлық уақытта заман мен стильді білдіреді.

Стиль (латын. *stilus* – мәнер, сипат, ерекшелік) сол дәуірдің мәдениетін, сұлулық туралы түсінігін, қоршаған ортаға қарым – қатынасын көрсететін тұрақты, анық, ерекшеленген дәуір тілі.

Киімге байланысты негізгі 4 стиль бар.

стиль
классикалық спорттық романтикалық
фольклорлық

1. Классикалық стиль (қатал, іскер, сәнді киіну) салыстырмалы түрде тұрақты, сән өлеміндегі өзгерістерге онша бөріле бермейтін барлық киім түрлері.

Негізгі белгілері: форманың тұрақтылығы, адамды іскер, ұстамды етіп көрсетеді, мінсіз, қолайлы. Бұл стиль өмірдің барлық жағдайлары үшін ыңғайлы. /слайд/

Классикалық стиль:

- Қимылға кедергі келтірмейді, ыңғайлы;
- Нәзік реңді, ұсақ суретті жоғары сапалы мата;
- Түстері қатты ашық емес және нәзік, тынық;
- Аксессуарлар мен әшекейлері ұстамды;
- Орташа өкшелі немесе өкшесіз жайпақ аяқ киімдер;

2. Спорттық стиль – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. /слайд/

Спорттық киімдерге – күртеше, жейде, әртүрлі ұзындықтағы және әртүрлі өрленген белдемшелер, комбинезондар. Бұл стильдегі киімдер түйме, батырма, сыдырмалардың дәл және тартымды орналасуымен ерекшеленеді.

3. Романтикалық стиль – әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік, нәзіктікті көрсетеді. /слайд/

Романтикалық стильдің ерекшелігі – қатпарлар, шілтерлер, желбіршектер, банттар жиынтығынан тұрады.

4. Фольклорлық стиль (этникалық) – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. /слайд/

Фольклорлық стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтерінің орындалуымен пайдаланылады. /видеоролик/

III. Киім түрлеріне демонстрация

Үйге берілген тапсырма бойынша әр оқушы түрлі киім үлгілерін киіп келуі қажет болатын. Сол киім үлгілеріне демонстрация жүргізу.

IV. Қорытынды

Оқушылардың киім үлгілеріне тақырыпқа байланысты қай стильге жататындығын айта қорытындылау.

V. Үйге тапсырма

Өз қалауы стилі бойынша эскиз жасау.

«САҒАН СЕНЕМІН, БОТАМ!»

Тұңғышбаева Балдырған Алтынбекқызы
Бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: Үштік одақ: ата-ана, бала, мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Отбасының бала тәрбиелеудегі тиімді тәжірибелерімен алмасу. Өзара көмекке, ынтымақтастыққа, ұйымшылдыққа, түсіністікке тәрбиелеу. Баланың қызығушылығын арттыру, ойын дамытып, адами қасиеттерге баулу. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: Ата-аналар мен балалардан құралған командалар арасындағы сайыс түрінде өтеді.

Көрнекілігі: Отан, отбасы, ынтымақ, бірлік туралы мақал-мәтелдер, слайдтар, суреттер.

Барысы:

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Армысыздар қонақтар!

«Ата-ана – бейтерек, бала-жапырақ», – деген қазақта дана сөз бар. Бейтерек өз тамырынан қоректік заттар алып, оны жапырақтарына береді. Жақсы ата-ана да бейтерек сияқты. Отбасында бала не көріп, не істесе, соны бойына сіңіреді. Бала тәрбиесінің ең үлкен мектебі – өз отбасы.

Бүгінгі ата-аналар мен балаларды біріктіріп сайыс өткізуіміздің басты мақсаты – ата-ана – мектеп – оқушы болып, үш жақты тығыз қарым-қатынас орнату. Ендеше бүгінгі сайысымызға қош келдіңіздер.

Ана – бала, бала – ана бір ұғым,

Бір-біріңіз жоқ олардың бақыты.

Омыртқаның үзбеу үшін жұлынын,

Екеуінің өтсін бірге уақыты.

Асқар тауы – сүйеніші әкесі,

Мөлдір бұлақ – тіреушісі анасы.

Жасыл құрақ – келешегі баласы,

Олар бірге болар мықты отбасы.

Олай болса, бүгінгі сайысқа «Саған сенемін, ботам!»,- деп, өздерінің кішкентай ғана ботақандарына үлкен сенім артып келіп отырған үміткерлерді ортаға шақырамыз. (Сазды әуенмен отбасылар ортаға шығады)

Жүргізуші:

Әділ қазы мүшелері армысыздар,

Қош келіпсіз есен – сау бармысыздар,

Сіздерге үміт артқан отбасыға,

Әділдік пен төрелік айтыңыздар!

Бүгінгі сайысымызға әділ баға беруші

әділқазылармен таныс болыңыздар. (Әділқазылармен таныстыру)

Бүгінгі отбасылық сайысының ең жоғарғы саны 5 балдық жүйемен бағаланады. Алдымен сайысқа қатысушы отбасыларды сайыс шарттарымен таныстырып өтейін.

Бүгінгі өткізгелі отырған сайысымыз 6 кезеңнен тұрады.

1-кезең «Сөлем – сөздің анасы»

2-кезең «Біз-білімді баламыз!» Бұл кезең 2

бөлімнен тұрады.

1-бөлім Сұрақ-жауап

2-бөлім «Сиқырлы әріптер»

3-кезең «Кім жылдам?» (Робот құрастыру)

4-кезең «Жалғасын тап» (Мақалдың жалғасын айту)

5-кезең «Шешен ата-ана» (Экраннан сурет түсіндіру)

6-кезең «Біз бақытты жанұя» (Үй тапсырмасы)

Олай болса

1-кезең

«Сөлем – сөздің анасы»

Келді міне сайысатын күн бүгін,

Сәті түсіп, жеңеді екен кімді кім?

Ең алғашқы сайыс шарты бойынша,

Отбасылар таныстырсын бір-бірін,- дей келе

сайысымыздың «Сөлем – сөздің анасы», -деп аталатын 1-кезеңіне кезек берейік.

Шарты: Бұл кезеңде сайыскерлеріміз өздерін таныстырып өтеді.

2-кезең

«Біз-білімді баламыз!»

Ойы озық өзге жаннан шарықтаған.

Өнері көкке қарай қалықтаған,

Көкірегі ояу, парасатты ой иесі

Ешқашан өз сөзінде жаңылмаған,-деп сайысымыздың

2-кезеңінде аяқ бастық.

Бұл кезең 2 бөлімнен тұрады.

Шарты: 1-бөлімде кішкентай сайыскерлерімізге 3 сұрақтан қойылады, ата-ана өз баласының неше сұраққа жауап бере алатынына сенім білдіреді, әр сұраққа 5 ұпайдан беріледі. Бала толық 3 сұраққа жауап беріп, ата-ананың сенімінен шыққан жағдайда қосымша тағы 5 ұпай беріледі. Бала жауап бере алмаса қосымша ұпай берілмейді.

(Ата-ана сенімін тыңдау)

1-оқушы:

1. Екі адам қалаға бара жатыр еді, жолда бір танысы қарсы шықты.

Қанша адам қалаға барады?

2.Сөз мағынасын өзгертетін қосымша?

3.Сенің әкеңнің шешесі кім болады?

2-оқушы:

1. Алмұрт алмадан ауыр, ал алма шабдалыдан ауыр.

Қайсысы ауыр алмұрт па әлде шабдалы ма?

2.Байды үнемі алдап кететін кейіпкер?

3.Температураны немен өлшейді?

3-оқушы:

1. Мотоцикл жүргізушісі ауылға келе жатқанда жолдан өзіне қарсы үш жеңіл машина және бір камазды кездестірді. Ауылға неше машина бара жатыр?

2.Алғаш рет қазақ даласында мектеп ашқан ұстаз?

3.Ғарыш кемесі қай қаладан ұшырылады?

4-оқушы:

1. Суға қай кезде қолды кесіп алуға болады?
2. Қай өңірді «Сыр» деп атайды?
3. Мамаңның ағасы саған кім болады?

5-оқушы:

1. Екі адам тоғыз құмалақты екі сағат ойнады. Әрқайсысы неше сағат ойнады?
2. Ұлттық аспап?
3. Биыл қысқы XX олимпиада қай елде болды?

6-оқушы:

1. Суда қандай тас жоқ?
2. Қызылорда қаласы бұрын қалай аталған?
3. Отбасы деген не? Онда кімдер тұрады?

2-бөлім

2-кезеңнің 2-бөлімінде балалар әріптерден отбасына қатысты сөз құрауы тиіс. Бұл бөлімде де ата-ана

Балам менің – бал бөбегім,
Өмірімнің жалғасы.

Ол үшін мен ой толғаймын

Шегініп сен қалмашы, – деп баласының сөз құрай
алатынына сенім білдіреді. Ұпай саны 1-бөлімдегідей
беріледі. (Ата-ана сенімін тыңдау)

3-кезең

«Кім жылдам?»

Шарты: Балалар тақтада шатасып жатқан фигуралардан робот құрастырады. Бірінші болып дұрыс құрастырған бала 20 ұпай, 2,3-болып құрастырған бала 15 ұпай, 4,5-болып құрастырған бала 10 ұпай, 6-болып құрастырған бала 5 ұпай жинайды.

4-кезең

«Жалғасын тап»



ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ САБАҚ (ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ)

Сагиндыкова Жанар Берикболқызы

А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп психологі

Мақсаты: ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушыларды өзінің мінез - құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету.

Міндеттері:

- Өзіндік сенімді болуға баулу;
 - Стресті жеңуге жол көрсету;
 - Эмоционалдық күйзеліс сезімінен арылуға көмектесетін әдістермен таныстыру;
- Сабақтың түрі: психопрофилактикалық сабақ

Шарты: Оқушыларға 3 мақалдан беріледі, олар жалғасын табады. (Ата-ана сенімін тыңдау)

5-кезең

«Шешен ата-ана»

Шарты: Экраннан әртүрлі суреттер көрсетіледі. Ата-ана суреттің атын атамай баласына түсіндіреді. Бала ненің суреті екенін табады. Ата-ана баласының неше суретті таба алатынына сенім білдіреді.

6-кезең

«Біз бақытты жанұя»

Сайыскерлерімізге үй тапсырмасы берілген болатын.

Ата болып, ақыл айтып көріңдер.
Әже болып, ертегі оқып беріңдер.
Әке болып, ерелетіп көріңдер,
Ана болып, мейірімділік төгіңдер.
Аға болып үлгі көрсет кішіге.
Іні болып көмектес сен ісіне.
Әпке болып мейіріммен аяла,
Қарындас боп бауырында саяла, – деп ақын
жырлағандай келесі кезеңде сайыскерлеріміз
отбасындағы сыйластық жөнінде «Біз бақытты жанұя»
тақырыбындағы жұмыстарын қорғайды.

Қорытынды:

Міне, біздер анықтадық тұлпарды,
Айта алмаспыз, міне мынау кеш қалды.
Риза болып шешіміне әділқазы алқасы
Құттықтайық нәтижемен озып шыққан,
Жүзден жүйрік, мыңнан шыққан тұлпарды! –
дей келе бүгінгі сайысымызға әділ баға беру үшін
әділқазыларға сөз береміз.

(сайысқа қатысушы топқа мақтау қағазы, номинация және алғыс хаттар, мектептен естелік беріледі).

Талдау:

Жаттығу сіздерге ұнады ма?
Сәлемдесу әдісі қанша уақытта ойлап табылды?
Сәлемдесу әдісінің идеясын топтан кім ұсынды?
Бір-біріңізге өзгеше сәлем берген кезде нені сезіндіңіздер?

2. «Өзін-өзі тексеру»

Мақсаты: Өзі туралы, өзінің қоғамда алатын орны туралы өз ойын дамыту, жеке позициясын түсіну.

Нұсқау: Әрбір қатысушы бір парақ қағаз алады және оны төрт бөлікке бүктейді.

«Мен кімін?», – деген сұраққа 10 жауап жаз. Оны жылдам жаса, басыңызға бірінші қандай жауап келсе, соны жазыңыз. Оны бірінші бағанға жазыңыз. Екінші бағанға сол сұраққа ата-ана пікірі сіздің ойыңызша қалай, соны жазыңыз. Үшінші бағанға сізде қандай қындықтар кездеседі, себебі неден болуы мүмкін?

Сенің жазғандарың көрінбейтіндей етіп, парақты бүкте де, сол жақтағы көршіңе бер. Парақты алып, бос бағанға «Осы парақты саған берген адам қандай?», және алға қойған мақсаттарына үшін не қажет?», деген сұраққа 10 жауап жаз. Осыдан кейін жүргізуші парақты жинап алады да, араластырады. Ең соңғы бағандағы мінездеме кезекпен дауыстап оқылады, ал топ кім туралы екенінін анықтау керек. (Жазған ойыншы үндемей отыру керек) Осы берілген мінездемемен топтың қаншалықты келісетіні талқыланады.

Талдау: Содан кейін парақ қатысушыларға таратылады, ал олар өздері 4 бағандағы жауаптарды салыстырады, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдайды.

Нәтижесінде үйге тапсырма беріледі: тренинг аяқталған соң өзіңіздің жақындарыңызға сіздің жеке ерекшелігіңіз туралы 10 анықтаманы беруді ұсыныңыз және оны сіздің жорамалдаған ерекшелігіңізбен салыстырыңыз.

3. «Суретті аяқта және жалғастыр» жүйке-психологиялық күшті түсіру тәсілі

Мақсаты: психофизиологиялық кедергілерді жою, топты біріктіру.

Нұсқау: Сіздерге бір-бір ақ бет таратып беремін және сіздер өздеріңіздің ең жағымды түсті каран-дашты таңдап аласыздар. Мен қол соққаннан кейін, тілегіңізге қарай сурет салуға кірісесіз. Тағы қол соқсам суретіңізді сол жақ көршіңізге бересіз, ол суретті толықтырып салады. Содан соң тағы қол соғамын, сурет әрі қарай шеңбер бойынша келесі қатысушыға беріледі, жаттығу сурет ең бірінші иесіне жеткенше жалғасады.

Мүмкін өз суретін толықтырғысы келетіндер бар болса, өзгерткісі келсе мүмкіндік беріледі.

Талдау:

Туынды сізге ұнады ма?
Сезіміңіз, көңіл-күйіңізбен бөлісіңіз?
Басқа адамның суретін, ойын жалғастыру қиын болды ма?

4. «Шарлар» жаттығуы.

Міндеті: Стресті жеңуге жол көрсету, эмоционалдық күйзеліс сезімінен арылуға көмектесетін әдістермен таныстыру;

Жаттығу сипаттамасы:

Мен Сіздерге шар үруді ұсынамын. Мына үрілген шарды – адам, ал ішіндегі ауаны – ашу мен түршігу деп елестетіңдер.

Ашуланып, тітіркеніп жүрген адам байсалды салмақты бола ала ма?

Ашу кернеп, түршігу шардың ішін толтырғанда шар қандай күйге ұшырайды? (әрине, кішкене балалар болса – шар жарылар еді, өйткені олар әлі өз ашуын құрықтауға шамасы келмейді: біреуді ұрып жіберу, айқай шығару, еденге басын соғу)

Үлкендер өз эмоциясын қолында белгілі бір уақытқа дейін ғана ұстай алады. Сол уақытта шарларыңызды жіберіп қалыңыз, біздің не істейтінімізді сонда көресіз (жан-жаққа аң ұрамыз, ситуациядан шығу жолдарын іздейміз, долданамыз, ал біреулер соңында депрессияға ұшырауы мүмкін).

Ашуды осылай шығару қауіпсіз болуы мүмкін бе? Неліктен?

Шарды қайтадан үрлейміз, ауа сыртқа шықпайтындай етіп мықтап ұстаймыз.

Естеріңде сақтаңдар, шар — бұл адам, ал ішіндегі ауа — кернеген ашу-ыза.

Біз өз ашуымызды бақылап қолда ұстай алатын болсақ, ешкімге зиянымызды тигізбейміз.

Ал енді шардың кішкене ауа шығарып, қайтадан мықтап ұстаймыз. Сіздер байқадыңыздар ма шардың кішірейгенін? Ашуды осылай шығару қауіпсіз деп есептеуге бола ма? Өздеріңіздің ашуды ақылға қалай жеңдіресіңдер, сол уақытта бір-бірімізге деген қарым-қатынасты сақтауға да мүмкіндік туатынын ұмытпайық.

Қорытынды.

Жаттығу «Май шам»

Біздің жаттығуларымыз аяқталуға жақын. Ал қазір мен май шамды жағамын. Барлығымыз бір-бірімізбен бірігіп жұмыс жасағанымыз үшін бір жылы сөз айтып, май шамды беріп отырамыз.

Менің қоштасуға май шамды алған себебім, жарық деген әрқашанда жақсы нәрсе, сондықтан да алдарыңыз ашық, жарқын болсын деген тілек білдіремін. Алдағы ҰБТ-дан барлығымыз жақсы сүрінбей өтейік!



ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ
(САЙЫС)Абдукаримова Гүлзат Төлегенқызы
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Үздік сынып жетекші» сайысының өткізілу кезеңдері

I тур: Сынып сағаты (еркін тақырыпта)

II тур: «Эссе» жазу

III тур: Қорытынды

1. Өзін-өзі таныстыру.

2. «Ұшқыр ойдан белсенді әрекетке» педагогикалық жағдаяттың психологиялық талдауы 3 мин.

3. «Мен және менің сыныбым» бейнеролик 3 мин.

4. Өз өнері.

Жүргізуші: Қайырлы күн! Қадірменді бүгінгі сайысымыздың қонақтары, ұстаздар!

Бүгін, біздің мектебімізде тамаша кеш өткелі отыр. Бұл кеште бала жүрегіне жол таба білген, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, бала бойына тәлім-тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін, жас та болса ұстаз деген атқа лайық сынып жетекшілеріміз сайысқа түскелі отыр. Құрмет пен қошемет көрсетіп, сынып жетекшілерді ортаға шақырайық.

Шақырып жарыстарға сан салалы,
Жетекшілер тобы бәріңе жар салады.
Ту етіп достықпенен татулықты,
Сайыстың мүшелерін қарсы алайық.

1. Динарадай ұстаз бар,

Әр қадамын үлгі еткен.

Оның әрбір сабағы,

Жүрегінен сыр шерткен,- деп Омарова Динара 3
В – сынып жетекшісі, ақылшы ұстазы – Айдаболова
Қаракөзбен қарсы алыңыздар.2. Ал, халайық көркіне тамсанайық,
Қызы қылықты дегенге өн де лайық.

Шығармашыл Балдырған деген ұстаз,

Келе жатыр, қол соғып қарсы алайық.

Тұңғышбаева Балдырған – 3 Г сынып жетекшісі,

ақылшы ұстазы – Далиева Кенжені қарсы алыңыздар.

3. Қыздарыңыз білсеңіз таң қалдырар,

Жүректің алау отын жандырар

Ту етіп достықпенен татулықты,

Қошеметпен қарсы алайық Гүлфираны

Шамаханова Гүлфира – 1 В сынып жетекшісі,

ақылшы ұстазы Сыздықова Айжан.

4. Дүрсілдеп бара жатыр жүрегі оның,

Жайдары болғанымен көңілі дал-дұл.

Ұстаз боп сынға түсіп сыналмақшы,

Маңдайы жарқыраған Назгүл ұстаз.

Құлтасова Назгүл – 1 Г сынып жетекшісі, ақылшы

ұстазы – Еспенбетова Зағира

5. Бұралған тал шыбықтай, ол бір гүлдің,

Шіркін-ай тыңдар болсаң нәзік үнін

Өнерімен көрерменді тәнті ететін.

Қарсы алайық Ақеркедей өнер қызын.

Маханбетова Ақерке – 5а сынып жетекшісі, ақылшы
ұстазы – Берекенова Роза.

6. Білім құйған бойына

Қанық өмір жайына.

Салт-дәстүрдің әр сөзін.

Сақтап жүрген ойына,-деп Ботабаев Азизді,

ақылшы ұстазы – Орынбаева Кенжемен қошеметпен

қарсы алайық.

Осындай тапқыр достар кез- келгенде,

Жетсін-ау, жарыстар да жеңгенге не?

Қарсылас болғанменен, құрбысыңдар.

Тілейміз ізгі тілек сендерге де!,- деп.

Құрметті қауым! Сынға түсетін сынып

жетекшілерімізге тағы да қошемет көрсетіп қоялық.

Жүргізуші:

Әділ қазы мүшелері, армысыздар!

Қош келсіз, есен-сау бармысыздар?

Сіздерге үміт артқан жетекшілер,

Әділдікпен төрелік айтыңыздар.

Әділдікпен баға берер ұстазға,

Әділдікпен қара қылды жаруға,

Әділқазы алқаларын сайлайық.

Үздіктерді таңдап бүгін алуға,- деп әділқазы

мүшелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

I-ТУР. ТАНЫСТЫРУ

Бүгінде озық- дәстүр, салт-сананы

Берік ұстап, сүйетін от панасын.

Ұстаздар кетсін өзін таныстырып.

Қуанып жолдас-жора, құрдастарын,- деп

сайысымыздың бірінші шарты, ата салтымыздан

қалыптастып қалған «Сәлем – сөздің басы»,- де-

гендей, «Мен сынып жетекшісімін» тақырыбында

сайыскерлеріміз өздерін- өзі таныстыруға кезек

берейік.

Жүргізуші: II-тур.

Қане достар пікірлесіп қарайық,

Қилы-қилы ойды ортаға салайық.

Сан-салалы асыл ойлар тоғысып,

Толғандырған жайды шешіп алайық.

Талас тусын жарқын ойлар жарқылдап,

Шағылыссын найзағайдай шартылдап.

Бойда қайрат, алда арман шақырған,

Қолдан әсем жалын атқан жастық шақ,- дегендей

сайысымыздың келесі туры бастайық.

«Ұшқыр ойдан белсенді әрекетке» Сынып

ұжымымен, жалпы баламен жұмыс жасау барысын-

да кездескен психологиялық жағдаяттардан шығу

тапқырлығы мен ақылдылығын сынайтын сәт те келіп

жетті.

(Сайыскерлерге карточкадағы жағдаятты шешу

ұсынылады. Ойлануға 3 минут.)

Ән: Ешниязова Жарқын

Жүргізуші:

III – тур. «Мен және менің сыныбым» бейнеролик.

3 мин.

Жүргізуші:

Әдеп- ғұрып, салт - дәстүрі қазақтың,

Жарасымды, үйлесімді ғажап шың.

Ұмыт болған дәстүрлерді сақтайық,

Насихаттап, жаңартудан қашпайық.

Ата-дәстүр салтымның тозбағаны,

Ырым менен белгісі қозғағаны.

Сынайықшы әдеп- ғұрып біле ме екен?

Дұрыс қой әдептен де озбағаны деп,-

сайыскерлеріміздің ақылшы ұстаздарын ортаға

шақырамыз.

(қоржынды алып шығады, ұстаздар қоржынға

қолдарын салып, асық таңдайды. Сол асықтың

номеріне байланысты сұраққа жауап береді)

1. Жеті қазынаны ата – Ер жігіт. Сұлу әйел. Ақыл,

білім. Жүйрік ат. Қыран

бүркіт. Берен мылтық. Жүйрік тазы.

2. Жеті жетім –

Тыңдамаған сөз жетім

Киюсіз тозған бөз жетім

Иесіз қалған жер жетім.

Басшысы жоқ ел жетім.

Аққу-қазсыз көл жетім

Жерінен айрылған ер жетім.

Замандасың қалмаса – Бәрінен де сол жетім

3. Үш тәттіні ата – Жан тәтті, Мал тәтті, Жар тәтті.

4. Келін табаққа не салынады – ұлтабар және жүрек

5. Су анасы – не (бұлақ), жол анасы – не (тұяқ), сөз

анасы – не (құлақ)

6. Біз шаншар деген нені білдіреді? (Біз шаншар –

Ақсақал, қарасақал бір топ ер азамат бойжеткен қызы

бар үйге түседі. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды.

Ел шаруасын, амандық білген болып қонақасын ішіп

аттанып кетеді. Олар кеткеннен кейін отағасы мен от-

анасы қонақтар отырған жерден шаншулы бізді тауып

алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар, құда болайық»

дегенді білдіреді.

IV – тур. Өз өнері

Жүргізуші: Сайысымыздың қатысушылары мен

жеңімпаздарын құттықтаймыз, жеңісті күндерді кезде-

скенше қош сау болыңыздар!



ТАПҚЫР ДОСТАР

Қызылорда қаласы

А. Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебінің

физика пәнінің мұғалімі Тоқаева Зағира Асқарқызы

Мақсаты:

1. Оқушылардың физика пәні бойынша білімдерін
тереңдету, ой-өрісін кеңейту.2. Танымдық қабілеттерін дамыту, ұжыммен жұмыс
жасау біліктілігін дамыту.3. Өз ойын ашық жеткізе білуге, тапқырлыққа
тәрбиелеу.Құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, физикалық
шамалар, өлшем бірліктер жазылған карта, ұлы
ғалымдардың қанатты сөздері.Сабақ барысы: 9 «А», 9 «Б» сыныптардың
әрқайсысынан 6 оқушыдан қатысады.

Ойын 6 бөлімнен тұрады.

1 тур Таныстыру (әр топ өздерін таныстырады,

эмблема газеттерін қорғайды)

2 тур Сергіту (әр топқа 10 сұрақ беріледі)

3 тур Көрініс (физикалық көрініс)

4 тур Мәреге жету (Физикалық шама, өлшем

бірлігі)

5 тур Ойлан тап (формула құрастыру)

6 тур Кім жылдам (жанкүйерлер сайысы)

7 тур Қорытынды

Жүргізуші: Армысыздар, қадірлі ұстаздар,
оқушылар, қонақтар! Бүгінгі «Тапқыр достар» атты
сайысымызға қош келдіңіздер!Халқымызда жақсы бастама жалғасын тапса,
сәтті болғаны деп жатады. Ендеше бүгінгі көпшілік
қатысып отырған көңілді «Тапқыр достар» сай-
ысы сіздердің көңілдеріңізден шығып, қуанышқа
бөлесе жарқын бастамаға ұйтқы болған біздің де
қуанырымыз әбден анық.

Ғалымдардың патшасы атанғансың,

Ньютон, Архимедтен бата алғансың.

Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін,

Нағыз пән физика атанғансың,-дей отырып

сайысымызды бастайық.

Алдымен әділ қазылар алқасымен таныстырып

өтейін:

2) Сайысқа қатысатын 9 сынып оқушылары

I топ 9 «А» сыныбы

II топ 9 «Б» сыныбы

I тур «Таныстыру» бұл турда әр топ өздерін
таныстырады, уақыт 5 минут.

Жас достарым-ау, мұны жақсы ұғайық

Физика құрметтеуге лайық

Дүниедегі құбылыстың мәнінде

Табиғаттағы қозғалыстың бәрінде

Мүмкін емес физикасыз түсіну

Физика дүние кілті бүгінде,-дей отырып ендігі

кезекті сайысымыздың жоспары бойынша «Сергіту

сәтіне» берейік.

9 «А» сыныбына

1. Механиканың негізгі бөлімдерін ата!
2. Дененің салмағы дегеніміз не?
3. Ньютонның екінші заңы?
4. Механикалық энергияның түрлерін ата?
5. Материя дегеніміз не?
6. Траектория деген не?
7. Диффузия деген не?
8. Бірінші ғарыштық жылдамдық нешеге тең?
9. Гук заңын ата?
10. Бүкіләлемдік тартылыс заңын кім ашты?

9 «Б» сыныбына

1. Толқын дегеніміз не?
2. Период деген не?
3. Амплитуда дегеніміз не?
4. Физика нені зерттейді?
5. Ауырлық күші деген не?
6. Импульс деген не?
7. Паскаль заңын ата?
8. Күшті өлшейтін құрал?
9. Ток күшін немен өлшейді?
10. Кемпіркөсақ қалай пайда болады?

Жүргізуші

Түсіріп аспан заңын жұмыр жерге,
Бақтырып жұлдыздарды ескен желге.
Жансызға жан бітіріп, қолға салып,
Физика кереметті көрсетті елге.
Бірі өшіп кітаптардың бірі тозған,
Қай жүйрік Архимедті басып озған.
Жалынды патриот, батыр, ғалым,
Ғасырлар түкпірінен қолын созған.
Сайысымыздың келесі бөлімі: «Көрініс»

Жүргізуші

Балалар бұл жол басы даналыққа,
Келіндер түсіп байқап қаралықта.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп.
Соларды көре тұра қалалық па,
Даналық өшпес байлық, кетпес жарық.
Жүріңдер іздеп тауып алалық па? - деп А.
Байтұрсынов атамыз айтқандай сайысымыздың
келесі бөлімі «Мәреге жету»

I топҮйден мектепке жету үшін тапсырмаларды,
яғни физикалық шамалардың аттарын атау керек
II топ Жерден Айға жету өлшем бірліктерді табу
керек: (5мин)

Жүргізуші

Табиғат сырын аштырып,
Токпен қазан астырған.
Миллион гектар астықты,
Комбайнмен бастырған.
Физика емей немене?
Шындықты алғаш таратқан.
Жыл күніңді санатқан,
Тауып ғажап жаңалық.
Жоқтан барды жаратқан,

Физика емей немене – сайысымыздың келесі
бөлімі «Ойлан тап». Берілген әріптерден формула
құрасытыру. Уақыт – 3 минут

Жүргізуші

Танытқан бізге данағөй,
Атақты ғалым Фарадей.
Физика пәнін күш қылған,
Зеректі жанға ұқтырған, - сайысымыздың келесі
бөлімі «Кім жылдам». Екі топтың басшылары ортаға
шығады. Берілген сөздерді жанкүйерлерге атын айт-
пай түсіндіреді. Олар не туралы айтқанын табу керек.

I топ басшысы:Ток, Ньютон, күш, молекула, траек-
тория, тербеліс.

II топ басшысы:Архимед, Қатты, Марс, Диффузия,
Амперметр,Толқын.

Жүргізуші

Өмір дегенде,
Тіршілікте, сірә жетер ме ой.
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі,
Бекер ғой бәрі бөтен ғой.
Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой,
Өмір осы екен сырыңа міне қанықтым.
Жаса сен мәңгі,
Жаса сен, мәңгі жарық күн! М.Мақатаев өлеңдерінде
айтылғандай күндеріңіз әрдайым шуақты, жылулы
болсын. Сөз әділқазылар алқасына беріледі.

Абдазиева Тұлзира Мәжидовна
мектеп директоры

25.03

25 жыл

8(15)
2014

А. Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектебіне 25 жыл

БІЛІМ және
ИННОВАЦИЯ

8(15)
2014

А. Байтұрсынов атындағы
№211 орта мектебіне 25 жыл

БІЛІМ және
ИННОВАЦИЯ



25 жыл

25 жыл

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІС.Ж. Бекжанова
Қызылорда қаласы
№211 А. Байтұрсынов атындағы
орта мектептің педагог-психологі

Отбасы – бала тәрбиесін қалыптастырушы ең алғашқы баспалдақ.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы», - деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан - 2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен бірге «Отбасы туралы Заң», «Жоғары және орта білім тұжырымдамасында» әрбір отбасында өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Сөйтіп, отбасының әуел бастан-ақ өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі құрметтеу қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Отбасы – баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы болып, өмірдің құндылықтарын, өзінің мақсат-міндеттерін біліп, өзін кез-келген жағдайда қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтер береді және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады. Отбасында әр түрлі жағдаяттар мен кездейсоқ жағдайларда өзін тиісті ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбек тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат мүшесі отбасынан бастау алады, қоғам келбеті отбасынан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері – азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя мүшесін кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Балалар өз бойынан ата-анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата-аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы-ұқыптылыққа, еңбекті сүйе және оның қадір-қасиетін түсінуге, үлкендерді соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата-аналар өсіріп отырған ұл-қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып

отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген кейбір арзымайтын кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың маңызы зор.

Отбасылық тәрбие арасында ата-аналар баршаға бірдей ортақ жалпыланған әдістерді пайдалануды үрдіске айналдырған. Мұндай әдістер түрі: сендіру, жазалау, кейбір отбасыларда педагогтар кеңесі мен тәрбиелік жағдайлар әдейі жасалып қолданылады.

Психологтың отбасымен жұмыс жүргізудегі ба-сты бағыты оның қазіргі жағдайын анықтай алуы. Ұсынылып отырған әдістемелер жүйесі отбасы-мен жұмыс жасайтын маманға диагностикалық құралдардың көп түрлілігіне көңіл бөле отырып, алдына қойған мақсат-міндеттерге сай тепе-теңдік деңгейлерде қарастыруға таңдау жасап, жүргізуіне жол ашады. Берілген диагностикалық шаралар клиникалық және тәжірибелік зерттеулер жүргізуге отбасы құрылымын, ерлі-зайыптылардың жүйе бөлігі жағдайына, отбасы ахуалына әсер ететін жағымды және жағымсыз факторлар, ата-ана мен бала қатынасындағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Э.Г.Эйдмиллер алғашқы болып, «отбасы диа-гнозы» деген терминді ұсынған. Отбасы диагно-зы – отбасы өміріндегі бұзылыс деп, қиындықтың өнуі мен сақталуы отбасы мүшесінің бірінің немесе бірнешеуінің жеке қызметінің бұзылуына әкеледі. Отбасы диагнозы – отбасы жоспары мен қызметінің бұзылысын анықтай отырып, отбасы татулығын сақтау жұмысына стратегиялық бағыт береді. Отба-сы қатынасын анықтауға қолданылатын әлеуметтік-психологиялық диагностикалық әдістер: сұрақ-жауап, бақылау, эксперимент, социометриялық әдіс, сандық-сапалық құжаттық әдіс, тест.

Ереже бойынша, түрлі нұсқаулар мүмкін бол-са да, жұмыс ата-аналармен және балалармен жүргізіледі. Қазіргі уақытта аралас отбасылар саны өсуде, онда ата-аналарының алғашқы некелерінен, сол сияқты жаңа некелерінен де балалары бар. Ажы-расулар санының көбеюі бойынша және норма мен құндылықтар жүйелерінің өзгерулеріне байланысты, психолог жұмысы қандай да бір отбасының қалай ұйымдастырылғанын білемін деп ойлауына бол-майды. Алғашқы болып келген отбасы мүшесінен отбасы құрамы туралы сұрау өте маңызды бұл – психологиялық көмекті кімнен бастау қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді.

Алғашқы әңгіме барысында психолог оған келген отбасы мүшесінің үрейін жеңуге көмектесуі қажет. Егер де маман көмек сұрауға келген отбасы мүшесінің негізгі мәселесіне келіспеушілік білдіретін болса, оның үрейі күшеюі мүмкін. Мәселенің солардың көзқарастары бойынша анықталуын негізге ала, со-дан кейін оны түсінудің шекарасын бірнеше кеңейтуге

ұмтылған орынды. Мәселе көбінесе отбасының түрлі мүшелері бастарынан көшіріп отырған дис-тресспен байланысты. Егер де көмекке жүгінген от-басы мүшесінің өзі мәселе қандай да бір мүшесімен байланысты деп есептегенінің өзінде, ол осыдан от-басы мүшесінің барлығының қандай да бір деңгейде тұтастай зардап шегетіндерін түсінеді.

Көмекке жүгінген отбасы мүшелерінің мінез-құлық ерекшеліктері, олардың психикалық қысымды жеңуге деген талпыныстарын көрсетеді. Жұмыстың алғашқы кезеңдерінде отбасы және барлық мәселелерін отбасының бір мүшесімен байланыстыру талпыны-стары өте жақсы байқалады. Көмекке жүгінген от-басы мүшесі мәселені белгілі бір түрде шешу қажет деп есептеген жағдайда, психолог оның отбасындағы рөлін және оның басқа да мүшелерімен өзара қарым-қатынасының қандай екендігін ескеруі қажет. Психотерапияның ең басындағы отбасы мүшелерінің мінез-құлықтары, олардың өзара қарым-қатынастарын қаншалықты өзгертуге дайындықтарын білдіреді.

Бірнеше алғашқы сессиялар үшін отбасы мүшелерінің өз жеке мәселелерін басқа бір мүшесімен байланыстыру әрекеттері тән. Бұл өзінің бар зейінін қандай да бір нақты мәселеге шоғырландырып, үрейді анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар өзара қарым-қатынаста тепе-теңдікті ұстануға мүмкіндік береді. Отбасы мүшелерінің өздерінің өзара қарым-қатынас сипатына қатысты мазасыздануларының күштілігі және өздеріне сенімсіздіктің басым болуына орай олардың өз қажеттіліктерімен қызығушылықтарын анықтау күрделірек болады. Психотерапевт отбасы мәселелерін жүйелі тұрғыда бағалауы қажет және со-нымен қатар отбасы мүшелеріне олардың тұлғалық өсулерін және дербестіліктерін қолдауға әрқашанда дайын екендігін білдіріп отыруы қажет.

Отбасы мүшелері психологқа шағымданып келетін алты негізгі топ мәселелері туралы айтуға бола-ды. Олардың барлығы отбасы жүйесіндегі белгілі бір бұзылыстарды және отбасы өз дамуын қалай тұрақтандыратынын білдіреді.

1. Жеке мәселелер: отбасының ересек мүшесі өз күйімен мазасыздануы мүмкін, яғни үрей, депрессия, өзін жайсыз сезінуі;

2. Ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынастарындағы мәселелер: ата-ананың баласы-мен (немесе бірнеше балаларымен) өзара қарым-қатынастарына көңілі толмайды;

3. Тікелей баламен байланысты мәселелер: оның құрбыларымен қарым-қатынастарындағы қиындықтар, оқу үлгерімінің төмендігі және т.б.;

4. Сиблингтердің өзара қарым-қатынасындағы мәселелер: сиблингтер әрқашанда қақтығысады, және ата-аналар оларға ешқандай ықпал ете алмай-ды;

5. Кеңейген отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынас мәселелері: кеңейген жанұя мүшесінің қандай да бір науқастануы немесе нуклеарлы отбасы үшін қиындықтар туындатады;

6. Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарындағы мәселелер.

Мәселелер сипаты кімді бірінші сұхбатқа шақыру қажеттігін анықтайды. Егер де көмекке жүгінген от-басы мүшесі мәселенің негізі өзімен байланысты деп есептесе және жеке жұмыс жүргізу ниетін білдірген жағдайда, психолог отбасының барлық мүшесін

алғашқы бірнеше сессияларға шақырудан бас тарту-ына болады. Сонымен қатар, психотерапевтік жұмыс барысында отбасы мүшесінің мінез-құлқында бола-тын өзгерістер кейде оның жақындары тарапынан жағымсыз әсерленулер тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда әрі қарайғы психологиялық жұмысқа олардың қатысу қажеттігі пайда болады. Егер де мәселелер бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынастарына байланысты болатын болса, бірінші сұхбаттасуға ата-аналардың екеуін де шақыру қажет. Ары қарай психолог үшін баланың да қатысуы да қажет болады. Егер бала-да мектепте немесе құрбыларымен өзара қарым-қатынастарында мәселелер туындаса, алғашқы сессияларда ата-аналардың қатысуы, ал кейінірек отбасының басқа да мүшелерінің қатысулары қажетті. Практикалық тұрғыда баланың барлық мінез-құлықтық және эмоционалды бұзылыстары әрқашанда оның жақындарымен өзара қарым-қатынастарында көрініс табады. Егер де мәселе отбасы өзара қарым-қатынастарына қатысты болатын болса, психотерапияның алғашқы кезеңінен отбасының барлық мүшесінің қатысуын қамтамасыз ету қажет болады. Жиі жағдайларда сиблингтер арасындағы қақтығыстар белгілі бір түрде ата-аналардың өзара қарым-қатынастарымен байланысты.

Мәселе отбасы мүшесінің біреуіне қатысты болса, мақсатты түрде оның басқа да мүшелерін шақыру қажет. Белгілі болғандай, мұндай түрдегі мәселелер, жөкеше алғанда, отбасының қарт мүшелерінің денсаулық жағдайлары немесе отбасы өміріне шек-тен тыс араласумен шарттасады, қандай жағдай болмасын, мұның салдары үш ұрпақ өкілдерінде де көрініс табады. Психотерапиялық үрдіске қатыса отырып, үлкен кісілер өздерін отбасының маңызды ресурсы ретінде көрсетеді және оның мүшелеріне жауапкершіліктерді бөлісуге көмектеседі.

Егер да ата-аналар өз қарым-қатынастарын жақсартуға мүмкіндіктерді қарастыратын болса, психотерапиялық үрдіске балаларының қатысуы қажет болмайды. Олардың мақсатқа жетуі отбасының басқа да мүшелерінен көрініс табады, және отбасы хал-ахуалының өзгеруі бала мінез-құлқының жағымды өзгерістеріне негіз болады (сонымен қатар, Фримен пайымдауынша, жұмыстың алғашқы кезеңінде, от-басы мүшелерінің өзара қарым-қатынастары туралы толық түсінік алу үшін, психотерапевттің бір рет болса да барлық отбасы мүшелерімен кездесуі қажет).

Мұндай ыңғай, яғни психолог отбасының барлық мүшелерімен қатар жұмыс жасайтынына әдеттенген кейбір отбасы мүшелерін ыңғайсыздандыруы мүмкін. Шын мәнінде, кейде басқа құрамда жұмыс жүргізу мәнді болса да, көп жағдайларда бұл өте маңызды. Жүйелі ыңғай тұрғысынан, бүкіл жүйеге әсер ету арқылы, отбасының жеке мүшелерінің мінез-құлықтарын өзгерту мүмкін болады. Көбінесе отбасылық жүйеде және тұтас алғанда ата-аналар өзгерістер нәтижелерін анықтайтын маңызды қосалқы жүйені құрайды. Егер олар баланы айыптай отырып, қарым-қатынасты тұрақтандыруға ұмтылыстар жа-сайтын болса, олардың мәселелері балада шынайы көрініс таба бастайды. Егер де ата-аналар жеке қарым-қатынастарында дағдарыс күйінде бола тұра, оған баланы кірістіретін болса, онда міндетті түрде баланың бойында шынайы эмоционалды және мінез-құлықтық ауытқулар пайда болады. Онда балалардың

психологиялық үрдіске қатысулары қажет бола бастайды, өйткені мұнда психологтың басты міндеті баланы қақтығыстарға қатыстырмай-ақ, ата-аналарды қалайша өзара қарым-қатынас мәселелерін шешуге болатынына оқыту. Егер маман оларды осыған үйретсе, бала мінез-құлқы тұрақты сипатқа ие бола бастайды және оның психологиялық жұмыстарға қатысуы қажет болмайды.

Тағы бір айта кететін жайт, отбасы татулығын сақтау бойынша психологиялық үрдіске отбасының қандай мүшелерін қатыстыруды анықтауға мүмкіндік беретін, ешқандай да бір қатаң ережелер жоқ. Кейбір мамандардың есептеулерінше, бүкіл отбасымен жұмыс жасау тиімді; ал кейбіреулерінің пайымдауларына, мәселе кімдермен жұмыс жасауда емес, қандай ыңғайлар мен стратегиялар қолданылатындығында. Жүйелі ыңғайдың принциптерінің бірі: бүкіл жүйенің өзгеруіне қол жеткізу үшін, оның маңызды қосалқы жүйелеріне ықпал ету қажет.

Отбасы қарым-қатынасындағы қуатты күшке ие көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да, сезініп түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке-шешесі не істесе де оған үлгі, өнеге, содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі алдында ең беделді тұлға ол білімді, батыл, көреген әке

және ақылды, мейірімді, парасатты ана. Ата-ананың ықпалы өзінен-өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс-әрекетке айналады.

Сондықтан, отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегілердің бір-біріне деген сый құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ата-аналармен өзара әрекеттестігінде балалар басқалармен қарым-қатынас жасаудың әдістерін меңгереді.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Дүниеге келерінде де, келген соң да әкешесін боямсыз татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақыратын, ата-ана көңілін жақындастыра түсетін – бала. Сондықтан да «Бесіксіз үйде береке жоқ», - деп түйеді. Бұл – халықтың қамын қарастыру, елдікті ойлау, елдің ертеңгісі жөнінде қам жеу. Осы ойды ертеден келе жатқан «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», - деген бейнелі мақал да растайды. Әрине, есетін, өрбитін ағаш жылда бүршік жарады, жапырақ жаяды. Болашағы бар деп осыны айтады.



ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚУШЫ

А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің
химия пәнінің мұғалімі Орынбаева Кенже

Мақсаты: оқушылар арасынан химия ғылымына ынталы, талапты, алғыр, озық ойлы оқушыны анықтау және оларды ізденуге, тез ойлауға, алғырлыққа баулу.

1 жүргізуші: ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Отанымыздың экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтеретін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты болып өссек, егеменді елімізді әлемге танытарымыз анық. Халық денсаулығы – ел байлығы, Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсартуға арналған шаралар бүгінде мемлекеттік деңгейде қарастырылып отыр.

Адам табиғаттың теңдесі жоқ ең қадірлісі, ал табиғаттың адамға сыйлаған аса зор байлығы денсаулық. «Бірінші байлық – денсаулық», «Денсаулық – зор байлық», «Тазалық – денсаулық кепілі» мақалдарының барлығы қазақ халқының ежелгі заманнан-ақ денсаулықтың баға жетпес байлық екеніне көз жеткізетіндігіміздің дәлелі.

2 жүргізуші: Химия ғылымының адам өмірін сақтауда ерекше үлес қосатындығын былайша жырлауға болады.

Аһ, ұрумен іздеп өтті қанша адам,
Ауруларға арман болған қашаннан,

Аптекада алуан-алуан дәрі бар,
Химияның құдіретімен жасалған.

Бүгінгі сайыс барысында химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының адам ағзасына және тіршілік үшін қаншалықты маңызды екендігін көреміз. Сайыскерлерде жан-жақты біліммен қатар тапқырлық пен шешендік өнер талап етіледі.

1-жүргізуші: Сонымен бүгінгі сайысқа қатысушыларды ортаға шақырып қарсы алайық.

- 1.Төлен Гүлжайна 11 «А» сынып оқушысы
- 2.Ибрашев Малик 10 «А» сынып оқушысы
- 3.Шайланова Жанна 10 «А» сынып оқушысы
- 4.Муслимова Назерке 10 «А» сынып оқушысы
- 5.Мырзағалиев Сапаржан 10 «Б» сынып оқушысы

2 жүргізуші: Қазылар алқасымен танысайық.

1 – жүргізуші:

Қазақпыз ғой бәйге десе қозатын,
Қосатұғын күрең атын, боз атын.

Басталды «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» жарысын,

Шықсын шәкірт шыңдарға қол созатын.

1 – тур. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

1)Оттек неше валентті?

- А.3 Б.2 С.1
2)Сутек неше валентті?
А.1 Б.3 С.2
3) Химиялық таңбаның алдына қосылатын цифр қалай аталады?
А.тотығу дәрежесі Б.индекс С.коэффициент
4)Шынының балкуы қандай құбылыс?
А.физикалық Б.химиялық С.физика-химиялық
5)Атомдардың бір түрінен түзілген заттар?
А.күрделі зат Б.аралас зат С.жай зат
6)Заттың химиялық бөлінбейтін ең ұсақ бөлшегі.
А.молекула Б.атом С.корпускула
7) Химия «наны» деген қышқыл
А.күкірт қышқылы Б.көмір қышқылы
С.фосфор қышқылы
8) «Ақыл-ой» элементі.
А.кальций Б.фосфор С.көміртек
9)Қалыпты жағдайда, сұйық күйде болатын бейметалл
А.бром Б.сутегі С.хлор
10)Атақты музыкант, композитор, орыс химигі
А.Менделеев Б.Бородин С.Бекетов
11) Бір химиялық элементтің бірнеше жай зат түрінде болуы
А.Аллотропия Б.анализ С.синтез
12)Мүсіндеу өнерінде қолданылатын кальций карбонатының түрі
А.фосфорит Б.ғаныш С.мәрмәр
13)Адам асқазанының сөлінде қандай қышқыл бар?
А.лимон қышқылы Б.тұз қышқылы С.күкірт қышқылы
14)Ең қиын балқитын металл
А.вольфрам Б.алтын С.күміс

2 – жүргізуші:
Химия ырыс бұлағы
Шалқыған байлық, мол дәулет
Құдіретті біздің ой
Аялап күтіп тұр алда.
Болашағымыз – нұр сәулет.
Сенде байлық, сенде ырыс.
Сенімен өмір сәнді ғой.
Көрсеткіші төмен 2 оқушы ойыннан шығады.
II – тур : «Жеті жұрттың тілін біл»

- 1 – жүргізуші:
Ұлылардың ұрпағымыз кешегі
Ой қалдырған, сөз қалдырған еселі.
Тіл өнері сайысына қатысып,
Жұмбақтарды үш тілде кім шешеді?
2 – жүргізуші: Бұл бөлімде сайыскерлер берілген жұмбақтың шешімін тауып, қазақша, орысша, ағылшынша айтады. Толық жауапқа 30 ұпай, жартылай 20, бір жауапқа 10 ұпай беріледі.
1) Ел іші – бесік. (алтын, золото, аурум)
2)Өшпейтін өмір жоқ,
Сынбайтын...жоқ. (темір, железо, феррум)
3)Өзі ауыр металлға жатады,
Балалар осы металл құйған сақамен атады. (қорғасын, свинец, плумбум)
4)Ең жеңіл элемент саналады.
Периодтық жүйе осыдан бастау алады. (сутек, водород, водород, гидрогениум)
5)Өзім газбын менімен демаласың.

Мен болмасам ауа жетпей қиналасың. (оттек, кислород, оксигениум)

6) Арпа, бидай ас екен,
Алтын, тас екен. (күміс, серебро, аргентум)
7) Сұйық металл (сынап, ртуть, гидраргиум)
Көрсеткіші төмен 2 оқушы ойыннан шығады.

1 – жүргізуші: Ал шәкірттер алды-артын оңдасын,
Шешілмеген сұрақтарың қалмасын.

«Ғажайып химия» бөлімінде,
Экраннан сұрақтарды таңдасын.

III тур: «Ғажайып химия»

301	302	303
401	402	403

1 – 10 ұпай

Александр Македонский Индияға сапары кезінде оның әскерлері іш аурумен ауырған, ал офицерлері ауырмаған. Сусындары, тамақтары, бәрі бірдей болған, бірақ ыдыстары өртүрлі – біреулерінің күмістен, екіншілерінің алюминиден жасалған. Офицерлер неге ауырмаған?

2 – 20 ұпай

Қышқыл жаңбыр дегеніміз не?

3 – 30 ұпай

Бұл затты тамақпен уланған жағдайда, таблетка түрінде қолданады. Оны қайыңды ауасыз жерде қыздыру арқылы алып, одан әрі өңдейді. Бұл қандай дәрі? (активтенген көмір)

4 – 40 ұпай

Қай ғалым сыйлық ретінде 1 грамм металл алған? (М.Кюри)

5 – 10 ұпай

А. Нобель қандай химиялық затты патенттеу арқылы байыды? (динамит)

6 – 20 ұпай

Неліктен темір – аспан тасы деп аталған? (себебі метеориттің құрамында болған)

7 – 30 ұпай

«Туған жердің қара тасын мақтан ете алмаған адам, бөгде жердің алтын тасын да мақтан ете алмас» қай ғалымның сөзі? (Қ.Сәтбаев)

8 – 40 ұпай

Тайқазан 7 металдан құйылған. Ол қандай металдар? (темір, мырыш, қалайы, қорғасын, мыс, күміс, алтын)

Көрсеткіші төмен 2 оқушы ойыннан шығады.

IV тур - Жорға

1)Сүйекті қаптайтын элемент (кальций)

2)Темекі құрамына кіретін улы зат (Никотин)

3)Терінің қышыма ауруына қарсы май жасалатын химиялық зат (күкірт)

4)Адам бойының өсуіне әсер ететін элемент (мырыш)

5)5% -дық спирттік ерітіндісі қан тоқтатуға қолданылады. (Иод)

6)Адам организмінде қай элементтің жетіспеуі тіс кариестіне әкеліп соғады? (фтор)

7)Қандай элементті (метал) хирургияда сүйектерді бекіту үшін қолданады (титан)

8)Дәрігерлер беретін анттың авторы (Гипократ)

9)Физиологиялық ерітінді дегеніміз не? (0,9% NaCl ерітіндісі)

10)Иод тапшылығынан болатын ауру (зоб)

11)Қай галоген бактерияларды өлтіріп, денсаулықты қорғайды? (хлор)

12) Қан гемоглобинінің құрамындағы элемент

- (темір)
13. Суда еритін негіздер қалай аталады? (сілтілер)
14. Адам тыныс алатын газ (оттек)
15. Ең ауыр металл (осмий)
16. Ең қатты металл (хром)
17. Фосфор деген сөз қандай мағына береді? (жарық тасушы)
18. Бөлінбейтін ең кішкене бөлшек (атом)
19. Индикатор дегеніміз не?
20. Бейметаллдардың жалпы саны (22)
Қосымша сұрақтар:
1. Ауаның құрамында қанша пайыз азот бар? (78%)
2. Біреуі оттек болып келетін екі элементтен түзілген күрделі заттың аты? (оксид)

3. Сөндірілген өк формуласы? (Ca(OH)₂)
4. Ас тұзының формуласы? (NaCl)
5. Зат мөлшерінің өлшемі? (моль)
6. Көмір қышқылы газының формуласы? (CO₂)
7. Күкірт қышқылының формуласы? (H₂SO₄)
8. Периодтық жүйені ашқан кім? (Д.И. Менделеев)
9. Мынау қандай құрал? Ол қалай аталады? Онда не алынады? (Кипп аппараты, электролиз)
10. Ауаның құрамын алғаш ашқан кім? (Лавуазье)
11. Сутекті алғаш ашқан кім? (Кавендиш)
12. Металдың кернеу қатарын кім жасады? (Н.Н. Бекетов)
13. Элемент атомының ядро құрамы? (Протон, нейтрон)



БІР КЕСЕ МЕРУЕРТ (АШЫҚ САБАҚ)

Белекеева Ж.С.

Сабақтың тақырыбы: Шәкәрім «Бір кесе меруерт»
Сабақтың мақсаты:
Білімділік: Мәтін мазмұны арқылы асыл тастың асқадіріне жетпейтіндігіне көз жеткізу, ой – танымдарын нақыл мәнін ашу арқылы байыту
Тәрбиелік: оқушыларды сөз мәнін ұғуға, асты қадірлеуге тәрбиелеу
Дамытушылық: ойлау, сөйлеу, шығармашылық қабілетін дамыту

Сабақтың түрі: аралас сабақ
Сабақтың әдіс – тәсілі: сұрақ – жауап, оқулықпен жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау тәсілдері
Сабақтың көрнекілігі: слайд, авторлар туралы деректер, бейнежазба
Сабақтың барысы:
I. Алғашқы ұйымдастыру кезеңі
Оқудағы ұстаным: Қарасам көремін,
Тыңдасам естимін,
Өрекет жасасам білемін.

Үй тапсырмасы
Өсіп келе жатырмын. Т.Айбергенов
Дос сөзі. Н.Ғабдуллин

Дос емес, достың сөзін көтермесе,
Саған жердің түбінен жетем десе.
Не қылып дос атына қосылады,
Көтермей бір сөзіңді «бүйтем» десе...

Оқулықпен жұмыс

1. Қария қандай сұраққа жауап берді?
2. Ол неге сонша қуандым дейді?
3. Өмірінде не нәрсеге қатты кейіпін дейді?
4. Қарияға күш, қуат берген не болды?

5. Ол өлген адамның өтінішін қалай орындады?
Сөздік жұмысы
Зор - үлкен, аумақты ұзақ
Ділде - алтыни ақша
Тақыр - тегіс қатты жер

Тапсырмалар

1. Мәтіннен тақырдағы жазуды тауып оқы
2. Қуаныш сөзіне қарама-қарсы мәнді сөзді ата
3. Қуат сөзінің мағыналас қатарын тап
4. Әңгімеден нақыл сөз болып тұрған жолдарды тауып, дәптерге жазып ал.

Топтық жұмыс

- I топ
R (роль) қария
A (аудитория) халық
F (форма) өсиет
T (тақырып) Не қымбат?

II топ
Азықсыз аш адамға ат басындай алтынның пайда-сы бар ма?

III топ
Раундробин
Соңғы сөзді мен айтайын

Ардақты нан! Ана міез асыл нана,
Жеп үйренген жаным сүйіп жасымнан,
Бір күлшенді мың есе артық дер едім,
Бар дүниенің інжу-маржан тасынан.

Үйге тапсырма:

1. Мәтінді оқу, мазмұнын баяндау
2. Эссе жазу

АЛЫП БАЛА (АШЫҚ САБАҚ)

Берекенова Роза
№211 А. Байтұрсынов атындағы орта мектеп мұғалімі

Сабақтың мақсаты:
Білімділігі: оқушыларға Қажымұқан жайлы мәлімет беру, мәтіннің мазмұны арқылы қосымша біліммен толықтыру;

Дамытушылығы: образды сомдау, шығармашылықпен жұмыс істеу;

Тәрбиелігі: Қажымұқанның азаматтық бейнесі арқылы үлгі-өнеге үйрету.

Көрнекілігі: Қ.Мұңайтпасов пен Қ.Әбдіқадіровтың портреттері, Мұқан жайлы бейнетаспа, суреттер, интерактивтік тақта.

Әдісі: Топпен жұмыс, сұрақ-жауап, логикалық ойлау.

Пәнаралық байланыс: дүниетану, бейнелеу, математика

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық дайындық.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Оқушыларды топқа бөлу.

Ой шақыру. Ұлы Отан соғысы қай жылы басталып, қашан аяқталған? Ұлы Отан соғысының қандай батырларын білесіңдер? Биыл жеңіс мерекесіне неше жыл толады? Бауыржан Момышұлы кім? Мәншүк Маметова кім? Әлия Молдағұлова туралы не білесің?

Сергіту сәті. III. Жаңа сабақ.

Қызығушылығын ояту.

Балалар, «Күш атасын танымайды», - деген нақыл сөз кімдерге айтылады? (балуандарға) Балуан алып күштің иесі. Екі адамның жекпе-жек күштерін сынауы. Біз бүгін сондай балуанмен танысамыз. Балуандар жайлы жерлестеріміз Әуелбек Қоңыратбаев «Балуан» атты кітабын, Қалмақан Әбдіқадіров «Қажымұқан» атты кітабын жазған. Сол кітаптан «Алып бала» атты үзіндімен танысамыз. Алып бала дегенді қалай түсінесіңдер? Күшті, мықты, ірі, денелі, үлкен адам.

Алып бала: күшті; ірі; дәу; үлкен; мықты; денелі.

«Алып бала» әңгімесі кім туралы, кім жазды екен, біз соны білеміз. Жазушы туралы мәлімет беру.

Қ.Әбдіқадіров портреті:

Өз қаржысына мектеп ашты; ақын; аудармашы; жоқшылықты көп көрген; Қажымұқан; жазушы; балажан; қайырымды; Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Қарғалы ауылы (1903-1964).

Мағынаны тану.

«Алып бала» мәтінімен танысу. Оқулықпен жұмыс. Топпен жұмыс.

I топ. Бір абзац.

II топ. Екінші абзац.

III топ. Үшінші абзац.

IV топ. Төртінші абзац.

а) іштей оқу; ә) дауыстап оқу; б) талдау; в) қорғау
Сөздік жұмыс.

Оқыра тию – бұл жерде: сона тәрізді жәндік шағу.

Құзар жар – биік жар.

Торығып – түңіліп, ренжіп.

Қажымұқан жайлы мағлұмат беру.

Алдымен балалық шағына саяхат жасап көрейік.

Қажымұқан /өз аты Мұқан/ Қызылжарда И.Масликов дейтін саудагерге жалданып жұмысын істейді. Малың бағады, шөбін шабады, 1871 жылы қазіргі Ақмола облысында дүниеге келген. Жоқшылық салдарынан жастайынан еңбекке араласқан жүк тасиды. Қыстың күні шанамен шөп алып келе жатқанда жеккен аты болдырып қалады. Ол дәу шана шөпті бір өзі сүйреп, ауылға жеткізеді. Қаршадай ғана баланың мына қылығына үлкен - кіші түгел таңданады. Осыдан бастап оның аты шыға бастайды.

Осындай танымал балуандық жолға түсуіне түрткі болған себептерді Қажымұқан он сегіз жасында Омбы қаласына келеді. Қалалық циркте балуандарының бірі – А.Злобин көрермендер күрескісі келетін адам бар ма деп сұрайды. Кілемге жас өспірім Қажымұқан шығады. 18 минутқа созылған белдесуде Қажымұқанды өрең жеңеді. Осы «Тұсау кесерден» соң-ақ оның спорттағы үлкен жолы басталады.

Қажымұқан жайлы бейнетаспа көру.

«Елін сүйген ер» қасиеті туралы тағы да телехабарға көз салайық. Ұлы Отан соғысы жылдарында /ұшақ жасатуы/. Ол көшпелі циркпен өнер көрсетіп, өзі жинаған 100 мың сом қаржыны қорғаныс қорына жіберді. Бұл қаржыға құрастырған О-2 ұшақта қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев 120 әскери әуе тапсырмасын орындады.

Дәптермен жұмыс. Тапсырмалар беру.

I топ. «Балық» ойыны. Нақыл сөздегі көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой. Суреттегі балық денесіне жазыңдар. Сонда балықты құтқарғаның және еліміздің Грек-рим немесе классикалық күрестен спорт шеберлерімен танысасыңдар. Олар: Қ.Мұңайтпасов, Ж.Үшкемпіров, Д.Тұрлыханов, Е.Көкетов. Слайд№1

II топ. Ондықтарды есу ретімен орналастырып, жасырынған сөзді табу.

Күрестің келесі түрі – «Еркін күрес» Мәулен Мамыров, Ақжүрек Таңатаров. Слайд№2

III топ. Суретпен жұмыс. «Дзю-до» Асхат Жіткеев.

Слайд №3

IV топ. Бес жолды өлең құрастыру.

«Самбо» А.Шахаров, А.Шайхиев т.б. Слайд №4

Ой толғау. Ел үшін еткен еңбек өленбей қалмайды.

Өмірден өтседе артында өшпес із қалдырды. Қажымұқан атында жыл сайын жүлде сарапқа са-лынады. Қажымұқан атында «Спорт» кешені, спорт мектебі. Көшпелер бар.

Сонымен, балалар біз бүгін қандай нәтижеге жеттік?

Сабаққа өздеріңнің көзқарастарыңды тақтада тұрған компьютер, принтер, қоқыс шелегіне жапсыр-малар арқылы білдіріңдер.

Бағалау.

Үйге тапсырма.

1. Әңгімені оқып, мазмұнын айту.

2. Балуан атты әңгіме құрастыру.

ЖОЛ ТӘРТІБІН БІЛЕЙІК, АМАН- ЕСЕН ЖҮРЕЙІК!
(АШЫҚ САБАҚ)Абдраманова
А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің бастауыш сынып пәнінің мұғалімі


Мақсаты:

Білімдік: оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстыру, оқушыларды жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге үйрету, көшеде дұрыс жүруін ескерту;

Тәрбиелік: оқушыларды жол ережесін сақтауға, көшеде дұрыс жүруге, жол белгілерін жатқа білуге тәрбиелеу;

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, сана - сезімін, өзін - өзі ұстауын, көшеде дұрыс жүріп тұруын дамыту

Мұғалім: Балалар, біз жол жүру ережесімен танысып, үйреніп жүргенімізге де біраз уақыт болыпты. Міне, бүгін соны көрсететін кез де келген сияқты. Біз бүгін Алматыға тек елестету түрінде барамыз.



Мұғалім: Бәріміз көлікке отырып, жолға даярланайық. Көлікке отырдық, енді жолды қысқарту үшін бәріміз ән айтайық.

Ән: Жолың болсын, жолаушы.

Мұғалім: Балалар, қала үлкен, адамдар да көп. Жүрісті реттеп тұратын не?

- Бағдаршам.

- Дұрыс.

- Көше тәртібін реттеуші кім?

- Сақшы.

- Жарайсыңдар!

Мұғалім: (Жол жиегінде тұрған сақшымен аман-дасады.) Балалар, сақшы ағайларың бізге таныс емес сөздерге түсінік береді.

Оқушылар: Сәлеметсіз бе, ағай?

Сақшы: Сәлеметсіңдер ме, балақандар? Енді мені тыңдаңдар.

Жол дегеніміз – көлік түрлері мен жүргіншілер көз алатын аумақ ұғымын қамтитын қалалар мен елді-мекендер, көшелер мен бұрылыстар және олардан тыс жерлер.

Көлікке және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар бар.

Жол тәртібін білесіңдер ме?

1-оқушы: Жолдан тек жаяу жүргіншілерге арналған «ақ жолақ» арқылы өту керек.

2-оқушы: Транспорттың артына жабысу қауіпті.

3-оқушы: Бағдаршамның жасыл көзі жанған кезде өту керек

4-оқушы: Көшеде ойнауға болмайды.

Сақшы: Жақсы, өздерің бәрін біледі екенсіңдер ғой.

Оқушылар: (хормен) Бізге апай үйреткен.

5-оқушы: Сақшы ағай, мына жолдың шетін неге

биіктеп тастаған?

Сақшы: Бұл жол жиегі. Жол жиегі мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны “бордюр” деп атайды. Жол жиегінің үстімен жүгіріп ойнауға болмайды.

6-оқушы: Ағай жаңа тротуар дедіңіз ғой. Ол не?

Сақшы: Шетіңнен білуге құмар екенсіңдер ғой. “Тротуар” сөзі француз тілінен аударғанда “жаяу жүргіншіге арналған жол” деген мағынаны білдіреді.

7-оқушы: Түсіндік, ағай. Сонда тротуар жаяу адам жүретін жол екен ғой.

Сақшы: Ойнауға, жүгіруге болмайды. Ал өздерің не білесіңдер?

8-оқушы: Жолдан өту кезінде алдымен сол жаққа қарап, жол ортасына барған соң оң жаққа қарап өтеміз.

Сақшы: Бір абайсыз жүрістен

Бүкіл ғұмыр қиылар

Тәлім алса бұл істен,

Тәртіпсіздік жойылар

Бағдаршам үш көзді,

Үш көзден ұқ үш сөзді,

Тоқта! Сақтан! Жол ашық!

9-оқушы: Бағдаршам әманд

Беріп тұр ғой команда.

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда,


Өте бергін жасқанба.

10-оқушы: Үш түсті түрі бар

Жөн сілтер тілі бар,

Бағдаршам дегеннің

Сырын жақсы біліп ал!



Мұғалім: Балалар, енді ауылға жеткенше жол ұзақ, жол қысқарсын десек өзіміз үйренген жол тәртібіне байланысты “Тоқта, жолдас” өлеңінен үзінділер айтайық...

11-оқушы: Өз-өзіңе ойлайтының қастық па,
Неге сонша ентелейсің еліріп?
Көше түзу, сен де түзу жүрсөңші,
Автобуска жанжалсыз-ақ мінсеңші.

12-оқушы: Тоқта, жолдас!
Бұзба, көше тәртібін!
Өткізе алмай өміріңнің артығын
Жүрсің бе сен?

Қалай қалай басасың?

13-оқушы: Ойла, болса ақылың!

Сақтасаңшы өміріңді, жарқыным.

14-оқушы: Тоқта, жолдас,

Тәртіп бұзба, жүр былай.

Саспа босқа,

Қақтықта да, аптық па.

15-оқушы: Ирек-ирек көшелер,

Көше деген мың ирек.

Қиындыққа әйтсе де

Үйренесің біртіндеп.

Барар жерге асықпа,

Бәйге алмайсың бұрын көп.

16-оқушы: Арманға алда күткен асығармыз,

Біз қалай толқын атпай басылармыз.

Жол жүру ережесін жақсы біліп,

Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз!

Мұғалім: Міне, біз мектебімізге келдік. Не білдік, балалар?

Оқушылар: Жол жүру ережесін, көше тәртібін, белгілерді үйрендік.

Мұғалім: Балалар, біз басқа да тыйым, шартты алдын-ала белгілер жайлы келесі сабақтарымызда үйренеміз.

Оқушылар: Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз,

Сақтанғанда қатерден

Сау - саламат жүреміз.



Сұрақтар:

1) Жолаушылар деген кім?

2) Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?

3) Автобус, троллейбус тоқтайтын жер.

4) Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызық.

5) Көліктің оңға бұрылатынын қалай білуге болады?

Жауаптар:

1) Кез келген көлікке мінетін адамдар


2) Әуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде

оң жаққа қараймыз.

3) Аялдама

4) Ақ жолақ

Оң бұрылыстың жарығы жаңады.



Екі аяқты, бір ізді
Үстіне мені мінгізді
Мінгізгенмен ол менің,
Аяғымды жүргізді

(Велосипед)

Ала таяқ ұстаған
Жол тәртібін нұсқаған
Өміріңді күзеткен,
Ысқырығы күшті адам

(Полиция қызметкері)

Жоқ өзінде бас та, ауыз, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та.

(Бағдаршам)

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да
Жолда жүру ережесі – заңды тәртіп,
Ол ортақ үлкен - кіші баршамызға

ШЫНШЫЛДЫҚ – АДАЛДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ
(АШЫҚ САБАҚ)Маутаева Жұмакүл Ширекқызы
Бастауыш сынып мұғалімі

тер.

Сабақ барысы:

1.Көңілашар

Балалар, мен сендерді ортаға шақырамын. Мына

өлеңді айтып үйренейік.

Шындықты сақтаймыз,

Өрге баспас өтірік,

Шыншылды жақтаймыз.

Шындықты тек айтамын.

Достықты дәріптеп,

Өз бойымнан бүгін мен

Шығарып мақтаймыз.

Шыншылдықты байқадым.

Мақсаты:
-оқушылардың бойында адалдық және шыншылдық ұғымы жөнінде түсінік қалыптастыру;
-балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді ынталандыру;
-оқушыларды өз-өзіне және айналасындағыларға жақсылық жасап жүруге үйрету арқылы адал болуға тәрбиелеу;
-ой белсенділігін, өз ойын еркін жеткізе білу дағдысын арттыру.
Әдіс-тәсілдері:әңгімелесу, түсіндіру, оқулықпен жұмыс, ойын, сұрақ-жауап, интерактивті әдіс.
Қажетті оқу құралдары:оқулық, дәптер, түрлі сурет-

2.Тыныштық сәті

Ертеде қаз дауысты Қазыбектің аулына бір саудагер келіпті. Түстеніп, тамақ ішіп болған соң Қазыбекке:

- Би, бір сөз сұрайын деп едім, -депті.
- Сұраңыз, -дейді Қазыбек би.
- Біз өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық. Сөздің атасы кім, анасы кім?, -депті.

Сонда Қазыбек би:

-Сөздің атасы-бірлік, анасы-шындық, -деген екен. Балалар, бірлік дегеніміз -тату болу дегенді білдіреді. Ал шындық туралы сендер білесіңдер деп ойлаймын.

-Егер « Шындық – сөздің анасы», -деп түсінетін болсақ, онда ол қандай қасиет болғаны?

Балалардың жауаптары төмендегідей болды:

- > Шындық деген өтірік айтпау
- > Досынды алдамау
- > Шыншыл болған жақсы
- > Өтірікшімен дос болмас едім
- > Абай ата да өтірік – бес дұшпанның бірі деген.

3.Оқулықпен жұмыс

Шыншылдық

Естай екінші сыныпқа көшті. Бойы кіп-кішкентай, білетін адам болмаса, оны оқушы деп ешкім ойламайды. Жазғы каникулда олар басқа қалаға бармақ боп келісті. Естай:

-Әке, мен де барайын, -деді. Әкесі анасына көзін қысып қойып:

-Бұрын саған билет алмаушы едік. Сен енді есейдің. Саған билет алуға ақша жоқ. Сен бармайтын шығарсың, -деді.

- Әкесі, Естайды әлі мектепке барған жоқ деп билет алмасақ қайтөді, -деді анасы.

- Жоқ. Ұшқыштарды алдауға болмайды. Ешқашан өтірік айтпа деуші едіңіздер ғой, -деді Естай.

- Ендеше, үйде қал, -деді әкесі.

- Бармасам, бармаймын, -деді Естай өкпелеп.

Келесі күні ата-анасы жол жүруге дайындалып жатты. Естайда үн жоқ.

-Естай, бізбен бірге жүрсенші, -деді әкесі.

-Билетсіз бармаймын, -деді Естай.

Әкесі көк қағазды көрсеткенде Естайдың қуаныштан жүзі жайнап сала берді. Олар әуежайға келді. Ұшаққа отыру басталған екен. Естай билетін жолсерікке ұсынды.

-Сенде де билет бар ма?, -деп таңданды жолсерік.

-Өрине. Мен 2-сыныпта оқимын ғой, -деді Естай.

-Бізге қоярда қоймай өзі алғызды, -деді анасы.

-Балаңыз шыншыл екен. Бұл жақсы қасиет қой.

«Жаным арымнан қымбат» деген бар емес пе?,- деді жолсерік.

Естай аяғын адымдай басып, жоғары көтеріліп бара жатты.

- > Әңгіме сендерге ұнады ма?
- > Әңгіме кім туралы?
- > Естай қандай бала?
- > Егер сен Естайдың орнында болсаң, не істер едің?

- > Осы әңгімеден қандай ой түйдің?
- > Өтірік айтқан кездерің болды ма?

Балалардың жауаптары:

- > Өтірік айту – ең жаман әдет.
- > Мен де Естай сияқты билет алғызар едім.
- > Естай сияқты балалар көп болса екен.
- > Шыншыл болған жақсы.
- > Өтірік өрге баспайды.
- > Шыншылдық – адалдықтың белгісі.

4.Дәптермен жұмыс

Әр жүрекшеге өзіңе ұнайтын жақсы қасиеттерді жазып шық.

5.«Шын ба, әлде өтірік пе?» ойының шарты мынадай. Мұғалім әр сөйлем айтқан сайын «шын ба, әлде өтірік пе?», -деп сұрайды. Балалар оның шын-өтірігін тез айтуы керек.

- > Жазда қар жауды.
- > Асан дәптерге бормен жазды.
- > Сәуле он деген баға алды.
- > Көктемде малдар төлдейді.
- > Тазша бала тек шындықты айтады.
- > Біздің сыныпта он екі қыз бар...

6. Дәйексөз

Шындықтың шырағы сөнбейді.
Өтірік өрге баспайды.

7.Жүректен жүрекке

- Екі көз не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін.
- Екі құлақ не үшін керек?
- Ақыл-кеңес алу үшін
- Екі қол не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін
- Қызыл тіл не үшін керек?
- Тек шындықты айту үшін керек.

> Олай болса, шындықпен дос болайық, балалар.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА
(АШЫҚ САБАҚ)

Абсадықова Ләззат

№211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің дене тәрбиесі пәнінің жоғары санатты мұғалімі

Мақсаты: Оқушыларға жеңіл атлетика жайлы мағлұматтар беру.

Олимпиада – 2012 туралы айтып өту, жеңіл атлетиканың жеңімпаздарын атап өту, көрсету;

Көрнекті құрал: интерактивті тақта, іс – қағаздар, қалам, суреттер.

I.Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасу, түгелдеу

II.Өткен тақырыпты қайталау

Оқушыларға техника қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, ескерту.

Дәптерлеріне ережелерді жаздыру.

III.Негізгі бөлім

Олимпиада ойындары ежелгі адамзат баласының өткен тарихының дамуымен байланысады. Осы күнге дейін ойынның мерзімі нақты айтылмаған.

Бұл ойындарда әскери дайындық, дене шынықтыру өнерін көрсету байқаулары ұйымдастырылған. Афи-нада грек спортшыларының қатысуымен секіру, жүгіру, диск, найза лақтыру, гимнастика сияқты спорт түрлерінен жарыстар өткізген. Олимпиада ойындары бүкіл Грекияны біріктіретін жалпы ұлттық ойындарына айналған. Алғашында ойын өтуі бір күнге созылса, кейінен ойынның ұзақтығы бір айға дейін созылған. Ойынды әр төрт жылда өткізіп тұру туралы шешім шығарды.

Алғашқы үш орынға орналасқан спортшылар немесе командалар, медаль иеленеді. Жеңімпаздар алтын медальға, екінші орынға орналасқандар күміс медальға, ал үшінші орындағылар қола медальға ие болады.

Жеңіл атлетика – спорттың ең көп тараған түрі. Оған әр түрлі қашықтықта жүгіру мен жүру, ұзындық пен биіктікке секіру, спорттық снарядтарды лақтыру жеңіл атлетикалық көпсайыстар енеді.

Жеңіл атлетикалық жарыстар ашық және жабық алаңдарда өтеді.

Қазақстанда алғашқы ресми жеңіл атлетикалық жарыс Бүкілқазақстандық 1-спартакиада 1928 жылы Петропавл қаласында өтті. Республикада жеңіл атлетикадан тұңғыш рет КСРО-ның спорт шебері атағын 1943 жылы Ш.Бекбаев алды. Қазақстанның жеңіл атлеттері Олимпия ойындарында, дүниежүзілік чемпионаттар мен халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерді көрсетіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанды. Олар: Е.Кадыкин, Ұ.Қосанов, Ө.Тұяқов, В.Савинков, Л.Кононова, С.Исабаев, Б.Күреңкеев, В.Муравьев, В.Савин, В.Солдатенко, А.Бадранков, т.б. Қазақстандықтар арасында Олимпиялық ойындарға тұңғыш қатысқан спортшы Е.Кадыкин болды. Тәуелсіз елімізге тұңғыш алтын медальді 2000 жылы Сиднейде (Австралия) өткен 27 – Олимпиялық ойындарда кедергі арқылы жүгіруші О.Шишигина әкелді.

Лондон қаласында 2012 жылы 27 шілде мен 12 тамыз аралығында өткен Жазғы Олимпиада ойындарында қатысқан Қазақстан спортшыларының жарыс нәтижелері. Бұл Қазақстанның Олимпиада ойындары-

на 5-ші рет қатысуы. Жарысқа Қазақстаннан 25 спорт түрінен 115 спортшы қатысты.

Лондонда өткен XXX жазғы Олимпиада ойындарында қазақстандық жеңіл атлет Ольга Рыпакова қатарынан үш рет секіруден үшінші мүмкіндігінде 14,89 метр қашықтықты бағындырып, Қазақстан құрамасының қоржынына алтыншы алтынды салды.

14,89 метрді Ольга тек үшінші мүмкіндігінде еңсерген болатын. Спортшымыз барлығы алты мүмкіндіктің екеуін қателікке бой алдырып, қалт жіберіп алған еді. Алайда оның өзі Ольганың Олимпиада чемпионы атануына еш кедергісін келтірген жоқ.

Үш қарғып секіруде Ольга Рыпакова басты қарсыластарының бірі – украиналық жеңіл атлет Ольга Саладуханың өзін артқа тастап, 19 см артық секірді. Украина спортшысы 14,89 м көрсеткішімен тек қола медальді қанағат тұтты. Ал екінші орынға колумбиялық жеңіл атлет Катрин Жеңіл атлетиканың тарихи шығуын

Ежелгі Грециядан шыққанын ескерту. Осы күнге дейін қандай түрлері болып бөлінгенін айтып өту. Биылғы қандай түрлері үшін өте жеңісті өтті деуге болады. Себебі 204 мемлекеттердің ішінен біздің еліміз 12 орынға тұрақтады. Ол өте жақсы көрсеткіш. Осы жеңімпаздардың ішінде жеңіл атлетикадан алтын медальға ие болған бұл біздің қазақстандық Ольга Рыпакова, 2000 жылы Сидней Олимпиадасында алтын медальға ие болған Ольга Шишигина болатын, міне тағы бір Ольга 12 жылдан соң алтын медальға ие болды.

IV. Олимпиаданың көріністері слайд-шоу

V. Қорытынды бөлім

Бұл сабақ кезеңінде оқушыларға Олимпиада – 2012 туралы көрсету. Көрсете отырып айтып отыру. Оқушылармен алынған әсерлері туралы сөз қозғау.



«AKHMET BAITURSYNOV» (1878-1937)

Алашаева Гаухар
А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

The aim of the lesson: educational: To teach pupils to ask and give answered, information about A.Baitursynov.

Practical: To teach them hearing, speaking correctly and develop the thinking of pupils, reading and pronunciation.

Cultural: To teach them to speak with another people easily and ask anything they want to know the method: crossword, question-answer, association.

The visual aids: cards, pictures, active-board.

The type of the lesson: new material.

The kind of the lesson: combined

The Outline of the lesson:

- 1.Org.moment Good morning pupils!
How are you? – I'm fine thanks
And you?
What date is it today?
What season is it now?
What is the weather like today?

Who is absent today? – all are present

2.Барлығымыз «Шаттық» шеңберіне тұрып, бір-бірімізге жылы сөздер айтайық.

Hold each other's hands forming a circle and repeat after me

We speak in English

We write in English

We learn in English

We read in English. We shall be good pupils, who speak in three languages, Kazakh, Russian, English.

3.Warm up. The theme of our lesson

A.Baitursynov.

Pupils answer my question please.

Who is Akhmet Baitursynov?

When was he born?

4. Сабақ барысы: Today we should speak about A.Baitursynov, because our school is named Akhmet Baitursynov. We should know more about him, his liked, when he was born and his poems.

Let us know more about him.

5. Now let's take a look about A.Baitursynov. He was a Kazakh writer. He was a famous educator, linguist, literary critic, turkologist and translator. He was born in 1872 in Sartybek, Turgay region is the present Kostanay Province.

Akhmet Baitursynov

Akhmet Baitursynov was a Kazakh writer. He was famous educator, linguist, literary, critic, turkologist, translator. Akhmet Baitursynov was born in 1878 in the tract Sartybek, Turgay region is now the current Kostanay Province. He learned in two-years Turgays Russian-Kazakh school. Then he was educated in the four-school teacher educator based Ibrai Altynsarin. He graduated in 1895. In 1895 to 1909 he taught in the towns hip schools Aktubinsk aul, Kostanay, Karkarala countries. He wrote many other works. His first work of distinctly political nature «Masa» (Mosquito). The Kazakh newspaper there published «Kyryk mysal» (forty proverbs). This times A.Baitursynov translated Ivan Krylov's fables. He had many friends. His friends were Bukeykhanov and Dulatov.

He worked with the political party «Alash Orda». He fought for the independence of Kazakh people. He dreamt to make many Kazakh children to be well educated. In the «Kazakh» newspaper he said: «Never forget that an independent life many claim only the people who speak their own language and have their own literature»

Слайд.

This is Akhmet Baitursynov.

His friends with him.

The museum of Akhmet Baitursynov

The monument of Akhmet Baitursynov

The university in Kostanay named after Akhmet Baitursynov

6. Now pupils write the new words

Educator [edjukeite] – ағартушы

Distinctly [distiŋktli] – анық

Published [published]-жарияланды

Fables [feibl]-мысал

Political party [pəlitikəl pɑ:ti]- саяси партиясы

Independence[indi'pendəns] тәуелсіздік

Own [oun]өзінің

Claim [kleim] талап ету, ұмтылу

Repeat after me all together

7. Now pupils

Listen to the text about Akhmet Baitursynov

Read and translate.

8.Answer my questions please from the text

1. Who was Akhmet Baitursynov?

2. When and where was A.Baitursynov born?

3. What do we celebrate in our school this week?

4. Whose fable did he translate?

5. What was his first political work?

6. What was his dream?

7. When did he die?

9. Put the words in the correct order.

1. newspaper / «Kazakh» / he said / in the

2. may / claim / never / forget / that / life / an independent / life.

3. people / speak / who / only / own / their / languages / the /

4. literature / have / their / and / own.

10. Now read and translate.

«Никогда не нужно забывать, к независимой жизни может стремиться тот народ, который говорит на своём языке и имеет свою литературу»

11. We have crossword

12. Answer my question please.

Who is Akhmet Baitursynov?

13. Who knows a fragment from the Fables translated by Akhmet Baitursynov

Who knows Kazakh fables

14. I want to give you memory cards about our lesson and A.B.

15. Your home work. The new words by heart

16. Your marks.

17. The lesson is over Good bye! Thank you!

ОНДЫҚТАРДЫ САНАУ
(АШЫҚ САБАҚ)А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі Құлтасова Назгүл

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Толық ондықтар қатарымен және оларға 10-ды қосу және азайту тәсілдерімен таныстыру. Ондық туралы түсінік беру;

Дамытушылық: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау, танымдық қабілеттерін арттыру, дамыту;

Тәрбиелік: Тазалыққа, ұқыптылыққа, білімсүйгіштікке, жылдамдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сандар, санағыштар, оқулық суреттері, интерактивті тақта Сабақтың түрі: Пән аралық

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, карточка, ойын т.б

Сабақтың барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі: -Балалар математика сабағымызға құрметті қонақтар келіп отыр. Сонымен қатар Ақбота мен Алпамыс та келіпті. Қонақтарға өзіміздің білімдерімізді көрсетіп, белсене қатысайық.

а) «Сөлем – сөздің анасы, сөлем берер әр қазақтың баласы» дегендей, келген қонақтармен амандасып алайық. ә) Оқушыларды түгелдеу, сабаққа зейіндерін аудару. б) Психологиялық дайындық: Бір-бірімізге сәттілік тілейік.

Арайлап әр күні,

Атады таңымыз.

Тілейміз Отанға,

Отбасы, достарға.

Әр күнге сәттілік,

Әр күнге жақсылық.

1-ші Слайд. 2. Үй жұмысын тексеру: № 4-мысал

Тиісті сандарды орнына қой:

3+7=10 8-7=1 3+4=7 5+4=9

6-4=2 5+4=9 10-2=8 6-3=3

Ақбота мен Алпамыс Жарайсыңдар деп жатыр.

2-ші Слайд. Жаңа сабақ: Ондықтарды санау. (мақсат қою)

Мақсатымыз білім алу,

Міндетіміз енбектену.

Енбектену арқылы

Беске қолды жеткізу.

3-ші Слайд. Электронды оқулық арқылы түсіндіріледі. 10-нан 100-ге дейін ондықтарды санау.

4-ші Слайд. Оқушылар тура санайды.

10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100.

50, 60, 70, 80, 90.

20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90.

5-ші Слайд. Оқушылар кері санайды:

90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20, 10.

90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20.

80, 70, 60, 50, 40, 30.

4. Оқулықпен жұмыс: 1-мысал

3 ондық+1 ондық=4 ондық 4 онд.-1 онд.=3 онд.

30+10=40 40-10=30

5 ондық+2 ондық=7 ондық 7 онд.-5 онд.=2 онд.

50+20=70 70-20=50

6-ші Слайд.

1 ондық- 10 4 ондық- 40

2 ондық- 20 6 ондық- 60

3 ондық- 30 8 ондық- 80

1 ондықта неше бірлік бар? 10 бірлік.

2 ондық нешеге тең? 20-ға тең.

30 санында неше ондық бар? 3 ондық бар.

Ақбота мен Алпамыс Өте тамаша деген баға берді.

7-шы Слайд. Тыңдай біл, балақай!

Балалар, біз осы уақытта 10 көлеміндегі қосу

мен азайту кестесін оқып үйрендік.

Мысалы: 3, 1, 4 цифрларынан қандай өрнектер

құруға болады? Төрттік мысал құрып көрейік. Енді

біздің осы біліміміз толық ондықтарды +, -, да керек

болады. 3+1=4 30+10=40

1+3=4 10+30=40

4-1=3 40-10=30

4-3=1 40-10=30

8-ші Слайд. Сергіту сәті.

Ондықтармен санауды

Тез ұғынып үйрендік,

Ал, қанекей, балалар,

Қаражорға билейік.

5.Дәптермен жұмыс: Шығармашылық тапсырма.

ма. 22 32 42 52 62 72 82 92

9-ші Слайд. Жұмбақ санды тап.

3+1=4 30+10=40

5+2=7 50+20=70

4-1=3 40-10=30

7-5=2 70-50=20

10-шы Слайд. Адаққан өріптер:

Қ р я и - қияр; Қ з а қ н ы а – қызанақ

Олай болса, келесі біздің есебіміз осы қияр

мен қызанаққа байланысты.

11-шы Слайд. 3- есеп

Қияр-5 ? артық. Қызанақ-4

Қызанақ-4 Қияр- ? 1-еуі артық.

Шешуі: 5-4=1 Шешуі: 4+1=5

Жауабы: 1 қияр артық терді. Жауабы: 5 қияр.

Балалар, Ақбота мен Алпамыс сендерге

Керемет, жақсы шығардыңдар деп ризашылығын

білдірді.

12-шы Слайд. Ойын: Сатып алуды үйренейік.

Тиындықтардан 100 теңге құрастыр.

20 10 20 20 20

10 50 10 20 20

20+10+50+10+10=100 20+20+20+20+20=100

13-ші Слайд. Қорытынды: Балалар сабақ

ұнады ма? 10, 20, 30 қандай таңбалы сан?

Ақбота мен Алпамыс сендерге көп-көп рахмет

айтып жатыр.

Бағалау: Жұлдызшалар тарату, мадақтау,

мақтау.

14-ші Слайд. Үйге тапсырма: №4-мысал

Теңдеулерді шеш.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ
(АШЫҚ САБАҚ)Сүлейменова А. Ш.
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу; 2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу; 3. Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету; 4. Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу;

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

№ 1. Слайд



Бірінші сынып оқушыларымен осы бағытта жүргізілген жұмыстарға тоқталайық:

1. Оқушылардың зейінін жаттықтыруға жеке дамытуға берілген тапсырмалардың кейбіреулерін таныстыра кетейік.

2. Зейін тұрақтылығын дамыту және жаттықтыруға арналған тапсырмалар Шульте кестесінің көмегімен жүргізіледі.

№ 2. Слайд

Шульте кестесі

Зейінді дамытуға бірнеше шығармашылық тапсырмалар орындауға болады.

1. Цифрларды өсу ретімен тауып, атау.

2. Кему ретін атау.

3. Тақ және жұп сандарды өсу және кему ретімен атау.

4. Цифрларды кезектесіп санау. 1, 3, 5, 7... (жұптасып) 2, 4, 6, 8...

5. Топпен жұмыс істеу. 1–5 тура және кері сана. 6–10 санау.

Осы кесте бойынша бірнеше шығармашылық жұмыс т. б.

№ 3. Слайд

Оқушылардың байқағыштығын дамытуға арналған

тапсырма. Мұнда, пішіндері мен орналасу ыңғайына

5	14	12	23	2
16	25	7	24	13
11	3	20	4	18
8	10	19	22	1
21	15	9	17	6

қарай артық үш фигураны (басты) табу. Артық үш фигураның оң құлағы үшбұрыш, ал сол құлағы «Сопақша» пішінді. (жауап 1, 6, 8).




№ 4. Слайд

Суретте барлығы неше үшбұрыш бар? Мақсаты: үшбұрышты басқа фигуралар арасынан ажырата және тани білуге үйрету.



№ 5. Слайд

Ойлан, тап. Мақсаты: оқушылардың амал таңбаларын тағайындай білу дағдыларын дамыта түсу.



№ 6. Слайд

Мына фигураға бір кесінді жүргізу арқылы бір тік төртбұрыш, бір үшбұрыш шығарып алуға болады. Ол үшін қай нүктелерді қосу керек?

Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата және тани білуге үйрету.



№ 7. Слайд

Екі адам 2 сағат шахмат ойнайды. Олардың әрқайсысы неше сағат шахмат ойнайды? Мақсаты: Оқушыларды мәтіннің логикалық түйінін түсіне білуге үйрету.

№ 8. Слайд

Сиқырлы үшбұрыштағы бос орынды толтыр. Мақсаты: оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын дамыта түсу.

ДЕЕПРИЧАСТИЕ
(ОТКРЫТЫЙ УРОК)Абдикаликова Д.Ж.
Учитель русского языка и литературы средней школы №211 им.А.Байтұрсынова

Цели урока:

образовательная – систематизировать знания, умения и навыки учащихся по данной теме, повторить изученный материал по теме «Причастие», научить различать причастия и деепричастия в потоке речи, находить сходства и различия причастия с прилагательным, деепричастия с наречием;

развивающая – развивать логическое мышление и речь, закрепить навыки анализа языкового материала;

воспитательная – воспитывать интерес к предмету, стремление к знаниям, толерантности и трудолюбию.

Оборудование: интерактивная доска.

Раздаточный материал: тесты, вопросники.

Тип урока: урок-исследование

Ход урока:

I. Организационный момент

Объявление целей и задач урока.

II. Психологический настрой на урок

Что для жизни нужно? Солнце! Солнце!

Что для дружбы нужно? Сердце! Сердце!

Что для сердца нужно? Счастье! Счастье!

Что для счастья нужно? Мир! Мир!

III. Анализ текста

Внимательно прочитайте текст:

Однажды некий бай, наняв работника, заметил, что тот всюду, где бы ни был, даже по каменистым местам ходит босиком, и спросил его о причине такого поведения. «Много страдания выпало на мою долю, когда ответил работник, – но больше всего я горевал, когда изнашивались мои башмаки. Как-то послал меня хозяин к продавцу досок, и там я увидел несчастного человека, который собирал щепки, ползая по земле четвереньках, ибо у него не было ступней. Тогда я на четвереньках, ибо у него не было ступней. Тогда я подумал, у него нет не только башмаков, но и ног, я же плачу о прхудившихся башмаках. С тех пор я не ношу обуви, подошвы моих ног так огрубели, что в обуви нет для меня никакой необходимости».

Тот, на кого падают беды, считает себя самым несчастным человеком, переживает давно минувшее, не думая о том, что после ночи наступает рассвет. Эти переживания – удел невоздержанных. Лучшими из людей следует считать тех, кто трудится, не зная лени, и умеет хранить терпение.

Задания к тексту:

1) Озаглавьте его, найдите главную мысль.

2) Найдите в тексте причастия и деепричастия. Запишите их в два столбика.

3) Мотивируйте свой ответ по ПОПС-формуле:

П – позиция Я считаю, что ...

О – обоснование Потому что ...

П – пример Я могу доказать тем, что ...

С – суждение Я делаю вывод о том, что ...

Давайте перейдем к грамматической теме урока и вспомним, что такое причастие и деепричастие.

Причастие – это ...

Деепричастие – это ...

IV. Построение диаграммы Венна

В чем отличие и сходство причастия и деепричастия? Ответив на этот вопрос, мы вместе заполним диаграмму Венна:



V. Образование деепричастий

Сравните два предложения:

Космонавт рассказывает о полёте и улыбается.

Космонавт рассказывает о полёте, улыбаясь.

Назовите основы предложений. В каком из предложений от одного из выделенных слов можно поставить вопрос к другому? В каком предложении выделенные слова обозначают однородные действия, а в каком – неоднородные: одно основное, а другое – добавочное?

Добавочное действие выражено словом улыбаясь. Это деепричастие.

Деепричастие	Вопрос	Что обозначает?	Формула образования деепричастий
Несовершенного вида	Что делаю?	Незаконченное добавочное действие	Основа настоящего времени глагола несовершенного вида + суффиксы -а/-я- Например: глядеть – глядя
Совершенного вида	Что сделал?	Законченное добавочное действие	Основа прошедшего времени глагола совершенного вида + суффиксы -а, -вши, -ши- Например: высочиться – высочив, испечь – испеки

Потренируйтесь в образовании деепричастий. Обозначьте суффиксы.

Кричат – ..., взвалить – ..., улыбаются – ..., сложить – ..., требовать – ..., обняться – ...

Проверьте себя!

Кричат – крича, взвалить – взвалив, улыбаются – улыбаясь, сложить – сложив, требовать – требуя, обняться – обнявшись.

VI. Работа по учебнику. Упр. №6,7 стр.106

VII. Тестовые задания

1. Деепричастие поясняет:

А. Прилагательное Д. Существительное

- В.Глагол Е.Причастие
С.Наречие
2.Укажите непостоянный признак у причастий:
А. Действительное или страдательное причастие
В. Форма времени Д. Возвратность
С. Вид Е. Падеж
3. Укажите глагол, от которого можно образовать деепричастие несовершенного вида:
А. Ждать Д. Мчаться
В. Лгать Е. Бить
С. Шить
4. Укажите строку с глаголами, от которых нельзя образовать деепричастие:
А. Рвать, ждать Д. Обрести, прочесть
В. Сидеть, замереть Е. Услышать, увидеть
С. Просохнуть, промокнуть
5. Какой частью речи является слово цепляясь?
А. Деепричастие Д. Наречие
В. Прилагательное Е. Причастие
С. Глагол
6. Укажите страдательное причастие настоящего времени:
А. Исколотый Д. Сжатый
В. Выполняемый Е. Испечённый
С. Дышащий
7. Выберите словосочетание, в котором пропущена буква а в суффиксе причастия:

- А. Шум...щий поток Д. Шурш...щие листья
В. Пиш...щий ученик Е. Стро...щийся дом
С. Грохоч...щий водопад
8. Какое слово не является деепричастием:
А. Бегаля Д. Встречаясь
В. Спавший Е. Подогнав
С. Опустив
9. Укажите, в какой форме употреблено причастие в предложении:
Маленькие игривые волны, рождаемые ласковым дыханием ветра, тихо бились о борт.
А. Страдательное причастие настоящего времени
В. Действительное причастие настоящего времени
С. Страдательное причастие прошедшего времени
Д. Краткая форма страдательного причастия
Е. Действительное причастие прошедшего времени
10. Деепричастие совершенного вида образуется...
А. С помощью суффиксов -а, -я-
В. С помощью суффиксов -ейш-, -айш-
С. С помощью суффиксов -ем-, -им-
Д. С помощью суффиксов -енн-, -ённ-
Е. С помощью суффиксов -в-, -вши-, -ши-
VIII. Домашнее задание
Написать эссе на тему «Что нужно человеку для того, чтобы быть счастливым?», употребляя причастия и деепричастия.



ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ

Рыспанова М.Е.
Қызылорда қаласы №211 орта мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі

- > Тізбектелген сабақтар топтамасы № 1
Сабақ атауы: Фермерлік шаруашылық
Сілтеме: Білім стандарты, пән бағдарламасы, дүниетану оқулығы 4 сынып. (Қ.А. Аймағанбетова, Т.С. Идилова, Б. Л. Хаджиева) Дүниетану әдістемесі (Б.Л. Хаджиева)
интернет материалдары дүниетану әдістемелігі
Жалпы мақсаты: Фермердің еңбегі, оның шаруашылық ұғымдарымен таныстыру. Оның ауыл шаруашылығында алатын орнын түсіндіру.
Күтілетін нәтиже: Сұрақ қою арқылы сыни ойлауға, пікірлерін еркін айтуға, өз көзқарастарын дәлелдей білуге машықтанады.
Негізгі идеялар: Несие, әкімшілік, банк жаңа ұғымдарды анықтай алады.
Тапсырмалар /Wiki материалдары/ Ғаламтор, Power Point, сайт-фермерлік
Сабақтың жабдықтары: АКТ. планшет
Келесі тапсырмалар/портфолио/: Эссе жазу
Келесі оқу: Мәтінді оқу
Сабақты талдау

- Сабаққа өзгертулер енгізу
> Тізбектелген сабақтар топтамасы № 2
Сабақ атауы: Ауыл
Сілтеме: Білім стандарты, пән бағдарламасы, дүниетану оқулығы 4 сынып. (Қ.А. Аймағанбетова, Т.С. Идилова, Б.Л. Хаджиева) Дүниетану әдістемесі (Б. Л. Хаджиева)
Жалпы мақсаты: Ауыл өмірінің ерекшеліктерімен танысады, қала өмірімен салыстырады.
Күтілетін нәтиже: Сұрақ қою арқылы сыни ойлауға, пікірлерін еркін айтуға, дәлелдеуге машықтанады.
Негізгі идеялар: Несие, әкімшілік, банк жаңа ұғымдарды анықтай алады.
Тапсырмалар /Wiki материалдары/: Ғаламтор, Power Point, сайт-фермерлік
Сабақтың жабдықтары: АКТ. планшет
Келесі тапсырмалар/портфолио/: Эссе жазу
Келесі оқу: Мәтінді оқу
Сабақты талдау
Сабаққа өзгертулер енгізу

	Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Кіріспе бөлім	1 минут	I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу. Топқа бөліну	1. Мұғаліммен амандасады. Топтармен алдын-ала белгіленген тізбе бойынша бөлінеді
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары	6 минут	II. Ұй тапсырмасын пысықтау Мектеп бөлімін пысықтау Әр топтан 3 тест ортаға тасталады Ұй тапсырмасын формативті бағалап кету	Планшетке жауап жазып айтылады.
Тұсау кесер	5 минут	III. Қызығушылықты ояту 1. Сөз-жұмбақ шешу 2. Мультисериал көрсету	Өтілген бөлімдерді қайталап, еске түсіреді Ферма туралы сериал көріп бүгінгі тақырыпты табады
Негізгі бөлім	10 минут	IV. Мағынаны тану 1) Мәтін 3 бөлікке бөлінеді I. топқа 1 абзац II. топқа 2 абзац III. топқа 3 абзац INSERT әдісі Кел, ойланайық 1) сен фермердің шаруашылығында сиыр өсіресің Қандай өнімдер өндіресің? 2) Сен құс өсіресің қандай өнімдер өндіресің? 3) Ферма шаруашылығының өнімдері қайда жіберіледі? Дәптермен жұмыс Несие-фермерлік шаруашылық-Әкім- Ой толғаныс Сурет бойынша жұмыс Фермерлік шаруашылықты қалай құрамыз? Ойды түйіндеу Үш қадамды сұхбат Бағалау	I топқа оқып, талқылау II топқа оқып, талқылау III топқа оқып, талқылау Әр топта жаңа сөздерді түртіп алу Сұрақ тасталады жұппен, топпен талқылайды. Постерді пайдаланамыз. Топтар 2 жұлдыз, 1 пікірмен, постерлерді бағалайды. Дәптеріне жаңа сөздерді жазады Мозайка құрастыру I топ Сұрақ дайындайды II топ Сұраққа жауап береді III топ Сабақты қорытындылайды Бағалау парақшаларына бағалайды. Фишкалар арқылы бағаларын анықтайды.
Қорытынды бөлім			

	Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Кіріспе бөлім	3 минут	I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу. Ұй тапсырмасын сұрау эссені оқыту	Оқушылар эсселерін оқиды
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары	3 минут	Фермерлік шаруашылық қайда орналасады Ауылда	Ассоциация құрады постерді қорғайды Мұқият тыңдау
Тұсау кесер	2 минут	II. Қызығушылықты ояту. 1) Ауыл сөзіне ассоциация жасау	
	5 минут	II. Мағынаны тану Қ. Нығметованың еңгімесін оқу Сынып 2 топқа: Ауыл, Қала болып бөлінеді. Пікірінді білдір	Рольдерге бөлініп интервью жүргізеді. Сұрақтарды тандап алады Ауылға ма, қалаға ма
Негізгі бөлім	6 минут	«Телекөпір» іскерлік ойыны Ауыл тобы Қала тобы Тілші	Оқушылар тізбектей оқиды
	4 минут	Мәтінмен жұмыс Сергіту сәті АКТ пайдалану табиғат көріністері Еркін жазу әдісі Ауыл туралы өз ойын жазу Ой толғаныс Лездеме (сұрақтар) Бағалау	Ауыл көріністерін тамашалайды Эссе жазу, оқу Планшетке жазып көрсету Фишкалар арқылы бағалау
Қорытынды бөлім	2 минут		

- Сабақтың жабдықтары: АКТ. планшет
Келесі тапсырма-лар/портфолио/: Эссе жазу
Келесі оқу: Мәтінді оқу
Сабақты талдау
Сабаққа өзгертулер енгізу

- > Тізбектелген сабақтар топтамасы № 3
Сабақ атауы: Отбасы мен мектептің қала мен ауылдың шаруашылық және мәдени өміріне қатысуы
Сілтеме: Білім стандарты, пән бағдарламасы, дүниетану оқулығы 4 сынып. (Қ.А. Аймағанбетова, Т.С. Идилова, Б.Л. Хаджиева)

- Дүниетану әдістемесі (Б.Л. Хаджиева) интернет материалдары дүниетану әдістемелігі
Жалпы мақсаты: Қоғамның шаруашылық және мәдени өмір деген түсініктерін қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже: Еңбектің түрлерін білетін болды.
Қалада, ауылда қандай шаруамен айналысатынын білді.
Негізгі идеялар: Мысалды талдау барысында жағымды, жағымсыз қасиеттерін анықтай алады.
Мамандық түрлерін анықтайды.
Тапсырмалар /Wiki материалдары/: Ғаламтор, Power Point.

Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Кіріспе бөлім	1 минут	1.Сөлемдесу Слайд бойынша өткен материалды еске түсіру
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары	6 минут	2.Өңімелерін оқу
Тұсау кесер	5 минут	Оқушылар жеке және жұпта, топта пікірталастырады
Негізгі бөлім	10 минут	Жеке, жұппен, топпен талқылайды
Қорытынды бөлім	5 минут	Ойласады, пікірлеседі, жазады, қорғайды.
	8 минут	Жеке жұмыс әр оқушы өз ойын жазады.
	5 минут	Оқушылар өз пікірлерін білдіреді
	3 минут	
	2 минут	

> Тізбектелген сабақ топтамасы № 4

Сабақ атауы: Мектеп және өндіріс
Сілтеме: Білім стандарты, пен бағдарламасы, дүниетану оқулығы 4 сынып. (Қ.А. Аймағанбетова, Т.С. Идилова, Б.Л. Хаджиева) Дүниетану әдістемесі (Б. Л. Хаджиева) интернет материалдары дүниетану әдістемелігі

Жалпы мақсаты: Адам еңбегінің маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру. Мектептегі және өндірістегі жұмыстардың түрлерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже: Кәсіпорындардағы жұмыс түрлерін көреді, болашақ мамандықтарға болжам жасайды.

Негізгі идеялар: Өндіріс орны.
Сабақтың жабдықтары: АКТ. планшет
Келесі тапсырмалар/портфолио/:

Болашақ

Келесі оқу: Мәтінді оқу

Сабақты талдау

Сабаққа өзгертулер енгізу

Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Кіріспе бөлім	3 минут	1.Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу
Сабақ бойынша мұғалім жазбалары	3 минут	II.Үй тапсырмасын сұрау Мәтінді тізбектей айту
Тұсау кесер	2 минут	III. Қызығушылықты ояту Сынып мамандыққа байланысты 5 топқа бөлінеді.
	5 минут	I топ Еңбек туралы II топ Еңбекшілер туралы III топ Экономистер туралы IV топ Программашылар туралы V топ Сарапшылар
	6 минут	Адам не үшін еңбек етеді? IV. Мағынаны тану Оқулықпен жұмыс
	3 минут	Оқулықтағы бөлінген бөліктер бойынша оқып, түсінгендерін айтады, өздерінің пікірлерін дәлелдейді.
	6 минут	Сарапшылар тобы қорытындылайды INSERT әдісі бойынша жаңа сөздерді табу
	4 минут	Дәптермен жұмыс Жаңа сөздер: Экономика Компьютер Программалаушы
	3 минут	Ойтолғаныс ТОО «Яссауи» кәсіпорының жұмысынан көрініс көрсету Ойды түйіндеу Кел, ойланайық! «Еңбек өтсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» Мақалдың мағынасын ашу
	2 минут	Бағалау

УАҚЫТ – МЕЗГІЛ ПЕРНЕСІ

Ж.А.Жаназева

А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп

Құндылық: Дұрыс әрекет
Қасиеттер: жауапкершілік, мәдениетілік, ақылдылық
Мақсаты: уақытты тиімді пайдалана отырып, дұрыс әрекет жасай білу

Міндеттері: -«уақыт» ұғымын құндылық ретінде түсіндіру; -жауапкершілік,мәдениеттілік қасиеттерін дамыту; -уақытты тиімді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Ресурстар: «Уақыт» тақырыбында аңыз, ақ қағаздар, нақыл сөздер

Сабақ барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі

Тыныштық сәті «Нұрға бөлену» әдісі

Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза өсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды. Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарайды. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен өсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бөрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді. Нұр бірте-бірте шұғыла ата бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытта түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен нұрмын». Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай өсем қалыпта сақтаңыз.

Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.
2.Үй тапсырмасын тексеру
Ә.Нұршайықовтың естеліктерінен алынған үзіндіні оқу.

-Автор не себепті «Уақыт бізбен санаспайды, тез өтіп кетеді», -дейді?
-Уақытты бағалау үшін адам өз бойында қандай қасиеттерді дамытуы керек?
3.Дәйексөз
Уақыт керуеніне бөгет жоқ. Халық даналығы
-Не себепті уақыт керуеніне бөгет жоқ деп айтады?

4.Өңімелеу /мұғалімнің сыйы/ «Уақыт» атты аңыз
Ғалым 3 литр шыны ыдысты алып, оның ішіне толтырып тастар салады. Содан соң шәкірттерінен: «Толды ма?», -деп сұрады. Барлығы: «Иә, толды», -деп жауап берді. Содан ол жүгері салынған ыдысты ашып, оны тастар салынған ыдысқа салып, шайқап-шайқап жіберді. Жүгерілер жылжып тастардың арасына кіріп кетеді. Ол тағы да шәкірттерінен: «Толды ма?», -деп сұрайды. Барлығы: «Иә, толды», -деп жауап берді. Енді ол жәшіктегі құмды алып, ыдысқа төгеді. Әрине, құм бірден бос жатқан жерлерге барып орналасады. Профессор ыдыстың бетін жауып қойды да: «Ыдыс толды ма?», -деп сұрайды. Барлығы бірауыздан: «Иә, ыдыс толық толды», -деп жауап береді. «Ал, енді», -деді ғалым сендер мынаны ұғып алыңдар мынау ыдыс/банк/ бұл – сендердің өмірлерің. Тастар – сендердің өмірлеріңдегі ең қажетті: отбасы, денсаулық, достар, туыстар. Олардың барлығы сенің өміріңнің мені болып табылады. Жүгерілер – сенің жеке басыңа қажетті заттар: жұмыс, пәтер, автокөліктер т.б. Ал құм – сенің өміріңдегі ұсақ-түйектер: ойын-сауықтар т.б. Егер де ыдысты құммен толтыратын болсақ, онда тастар мен жүгеріге орын қалмас еді. Міне, сендер тастар мен жүгеріге орын қалмас еді. Міне, сендер барлық уақыттарың мен күш-қайраттарыңды осын дай ұсақ-түйектерге жұмсасаңдар, онда өмірдегі маңызды нәрселерге орын болмайды. Сондықтан да, өздеріңе бақыт, қуаныш әкелетін іспен айналысыңдар: білім алыңдар, мамандық иесі болыңдар, жақын адамдарының қасынан табылыңдар. Өмірде ең алды-мен тастармен, яғни өзіңе қажетті істермен айналыс. Ал қалғаны құм.

Сонда бір қыз қолын көтеріп: «Ал, сыраның не қажеттілігі болды?», -деп сұрады. Профессор күлімсіреп: «Бұл сұрақты қойғаныңызға қуаныштымын», -деп айтты. Ал мен бұны өмірлеріңде сіздер қанша қолдарың тимей жатса да, ойын-сауыққа уақыт таба алтындықтарыңды дәлелдегім келді деген екен...»

-Айтылған аңыздан өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
5.Шығармашылық жұмыс /10 мин/.

Төменде берілген ойларды оқыңыз. Бір даналық сөзді таңдап алып, эссе жазыңыз.

1.Өз өліңе ұлтан бол, Шыңғысхан
Өз уақытыңа сұлтан бол. Шыңғысхан
2.Ойсыз, оқусыз, ой толғаусыз өткізген әрбір күн – зая кеткен күн. В.А. Сухомлинский
3.Адам баласының қолымен жасалғанның бәрі – уақыт пен төзімнің жемісі. О. Бальзак
4.Өзіңнің тіпті бір сағат қана уақытын босқа өткізгісі келген адам – тұтас өмірдің бүкіл құдіретін түсіну дәрәжесіне жетпеген адам. Ч.Дарвин
5.Бөрінен де бос өткен уақыт үшін мазасызданатын адам-ең данышпан адам. А.Данте
6.Түйіндеме
1.Егер бір күннің қадірін білгің келсе, оны ауырып жатқан науқастан сұра.
2.Егер бір сағаттың қадірін сезгің келсе, оны көзде-суге асыққан жандардан сұра.

- 3.Егер бір минуттың қадірін түсінгің келсе, оны жолдан қалып қойған жолаушыдан сұра
- 4.Егер бір секундтың қадірін білгің келсе, оны жеңіске жете алмай қалған спортшыдан сұра
- 7.Топпен ән айту. "Қайран уақыт" әнін тыңдау. Сөзі: Г.Дәукенованікі, әні: Ш.Сариевтікі
- 8.Үйге тапсырма
- «Уақыттың қадірін білейік, достар» тақырыбы бойынша эссе жазу.



НАТРИЙ ЖӘНЕ КАЛИЙ (АШЫҚ САБАҚ)

Орынбаева Кенже
А. Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектептің
химия пәнінің мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Периодты жүйенің заңдылықтарынан, атом құрылысы мен металдың жалпы қасиеттері және s-элементтер туралы білімдеріне сүйене отырып, оқушыларды натрийдің, калийдің өздеріне тән қасиеттерімен таныстыру. Оқушыларды натрийдің, калийдің қолданылуымен, олардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызымен таныстыру арқылы білім мен дағдыларын бір жүйеге келтіру.

Дамытушылық: Сілтілік металдар туралы білімдерін кеңейтіп, интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өзара белсенділігін, ой-өрісін, зейінін дамыту.

Тәрбиелік: Оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіру, есте сақтау қасиеттерін дамыту, жеке жұмыс істеуге тәрбиелеу. Білімін қолма-қол көрсете алу қасиеттерін ашу.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, Д.И.Менделеевтің периодтық кестесі, ғаламтор сайттары, маркер тақтасы, стикерлер.

Сабақтың құрылымы:

Оқушылар өз еріктерімен 4 топқа бөлінеді. Әр топ өз жетекшілерін сайлап алады. Әр топқа жекеленген тапсырмалар беріледі. Тапсырмаларды оқулықтан, ғаламтор сайттарынан слайдтар дайындау арқылы немесе маркер қағаздарына түсіру арқылы қорғап шығулары керек. Топ мүшелері түгел қатысуы керек. Топтардың дайындығына 10 минут беріледі. Әр топта жеке компьютер бар.

Сабақтың жоспары:

1.Зерттеушілер тобы:

Натрий және калий элементтерінің ашылу тарихы, жер қыртысында таралу аймақтары, қосылыстары.

2.Физиктер тобы:

Натрий және калий элементтерінің Х.Э.П.Ж орны, атом құрылысы, тотығу дәрежелері, валенттілігі және физикалық қасиеттері жайлы мәлімет дайындау.

3.Биологтар тобы:

Натрий және калий элементтерінің тірі ағзадағы

9.Соңғы тыныштық сәті. Баяу әуен орындалады. Балалар, бүгін біз уақыт тақырыбы бойынша әңгіме айттық. Сонымен уақыттың адам өмірінің өлшемі және сенің бүкіл өміріңе азық екенін білдік. Сондықтан өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын адам уақытын жан дүниесін жетілдіруге, кемелдендіруге, ізденуге жұмсауы керек. Осыны жүрегімізге сақтап алайық.

релі, маңызы жайлы деректер әзірлеу.

4.Химиктер тобы:

Бұл элементтердің химиялық қасиеттері туралы айту, алу жолдары, қолданылуы. (Тәжірибе көрсету)

5.Әр топ өз тапсырмаларын 3-5 минут қорғайды.

6.Бағалау:

I топ II топты

III топ IV топты

II топ III топты

IV топ I топты

Бағалау "Екі жұлдыз, бір тілек" және топ басшыларындағы бағалау парағы арқылы жүргізіледі.

7.Сабақты бекіту: Сабаққа "аудармашы" қосылып отыр. Ол кісіге түсініксіз жайттарыды толықтырып, түсіндіріп беруіміз қажет.

Аудармашы:

1.Біз ағайынды 5 жігітпіз, бесеуімізде өткір, кез-келген адаммен оңай араласатын ашық-жарқын жігіттеріміз. Кейбір көре алмаған жігіттер бізді жүрген жерін сілтейді, тындырады деп өсек айтады. Мінезі толмай онша маңызды жүйеге істемейтін Латиф деген ағам азулы қызға үйленді. Ал ағам Нартай істемеген жұмысы жоқ: аспаз да болды, шыны да жонады, қазір тұрмыстық көрсету комбинатында директор. Менің өзім ауыл шаруашылығында оның ішінде егін жағында істеймін. Екі інім Рәнтай мен Сартай "жігітім" дей берсең тұтана кетеді, қызбалы. Бағына қарай жақсы қыз кездесе, жақсы болар еді, өздері автоматпен сигнал беру жағында жұмыс істейді. Мен және 5 ағайыным кім?

2. NaCl —; KCl —; NaNO_2 —; KNO_3 —; NaOH —; KOH —; K_2SO_4 —; Na_2SO_4 —; $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ —; Na_2SO_3 —; NaHCO_3 —; KClO_3 —; KMnO_4 —
Әр топқа "аудармашыдан" хат келеді. (Электронды пошта)

8.Рефлексия

Сабақ туралы өз ойларын, жеке топ жайлы ойларын қорытып "смайлик" немесе қысқаша сойлем арқылы көрсету.

9.Үйге: §6.3 оқу №7 есеп

ҰБТ-ҒА БІРГЕ ДАЙЫНДАЛАЙЫҚ

Қызылорда қаласы,
№211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің
тарих пәнінің мұғалімі Байғараева Жаңагүл

Мақсаты: Білімділік: Ұлттық бірыңғай тестілеу – оқушыны қорытынды аттестаттау туралы түсінік беру; тәрбиелік: оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарих әлеміне кіргізу;

Дамытушылық: оқушының болашақ мамандық иегері болуын қамтамасыз ету.

Пайдаланылатын тест түрлері:

- 1) Дұрыс жауап таңдау тесті; 4) Баламалы тест;
2) Толықтыру тесті; 5) Хронологиялық тест
3) Сәйкестендіру тесті; 5) Хронологиялық тест

Дұрыс жауап таңдау тесті

1.Отырар неше ай бойы қоршауда болды?

А) 5. Б) 6 В) 3 Г) 4

2. Семейде кадеттер шығарған газет?

А) "Свободная речь" Б) "Правда" В) "Искра" Г) "Қазақ"

3. 1930-32 жж. тарихқа қандай атпен енді?

А) "Зұлмат" Б) "Ұлы жұт" В) "Жасанды аштық" Г) "Кіші қазан"

4. Алғашқы қазақ театрында қойылған бірінші пьеса?

А) "Еңлік-Кебек" Б) "Отелло" В) "Қызы Жібек" Г) "Анархан"

5. Қазақ тарихы мектебінің негізін салушы кім?

А) Н. Нұрмақов Б) Б. Асфендияров В) М. Төлепов Г) Е. Бекмаханов

Сәйкестендіру тест

1. 552-603 Түрік қағанаты құрылды

2. 1155 Шыңғысхан өмірге келген жыл

3. 1206 "Сібір қазақтарының жарғысы"

4. 1822 Шыңғыс ханның хан болуы

5. 1867-1868 Қарақұм маңындағы бас қосу

6. 1710 Абылай хан хан болған жылдар

7. 1771-1781 реформа жылдары

8. 1812 Отан соғысы

9. Әл-Бируни "Данышпандықтың інжу маржаны"

10. Махмуд Қашқари "Ақиқат сыйы"

11. Жүсіп Баласағұн "Асыл тастар"

12. Ахмет Игүнеки "Даналық кітабы"

13. Қожа Ахмет Йассауи "Түрік тілдерінің сөздігі"

14. Әл-Фараби "Құт негізі-білік"

15. Әл-Хорезми "Тарихи- Рашиди"

16. Хайдар Дулати "Мұхаббатнама"

17. Өтеміс қажы "Шыңғыснама"

Баламалы тест

1. Қазақ хандығын алғаш құрған Керей мен Жәнібек.

2. Өмір Темір Отырарда қайтыс болды ма?

3. Сығанақ Моғолстанның астанасы ма?

4. "Моңғолдың құпия шежіресінде" Шыңғысхан туралы айтылған ба?

5. Алтын Орданы құрған Берке ме?

6. ҚазМу қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны ма?

7. Алғашқы көркем фильм Қыз Жібек пе?

8. Кіші Қазан идеясының авторы Голощекин бе?

9. Алаш партиясының органы болған Қазақ газеті ме?

10. Үш жүздің басын қосқан Тәуке ме?

Кім жылдам?

1. Қ.Сыпатаев кім? 4. Р.Амангелдиев кім?

2. С.Баймағамбетов кім? 5. Ж.Елеусізов кім?

3. А.Жамбылов кім? 6. Нұркен Әбдіров кім?

Ойды аяқтау

1. "Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды"

2. Сақ, сармат, үйсін тайпаларының келбеттері Андроновтықтарға ұқсас болған.

3. Түркілердің жаңа жылы (наурыз)

4. Тәуке ханның заңдар жинағы (Жеті жарғы)

5. Қазақстанда 2005 жыл қандай жыл болып жарияланды (Ресей)

6. ҚР халқының саны (15 млн. 641 мың)

7. Қазақ хандығының алғашқы ханы (Керей)

8. Қазақстан БҰҰ-ға кірген жылы (1992)

9. Қазақ автономиясының алғашқы астанасы (Орынбор)

10. Бала туғанда қазақтар қандай той істейді (шілдехана)

11. Ахмет Йассауи кесенесі қай қалада орналасқан (Түркістан)

12. Ұлы Отан соғысында қазақ арасында ең жас Кеңес одағының батыры кім? (Елеусізов)

13. Неведа-Семей қозғалысының жетекшісі кім? (О.Сүлейменов)

14. Конституция неше баптан тұрады? (98)

15. Ақтабанды-шұбырынды жылдары (1723-1727)

16. Қазақтың тұңғыш академигі (Сәтбаев)

17. Қамшігер деген кім? (қамшының атасы)

18. Қазақстан күміс, қорғасын шығарудан нешінші орында (2)

19. Отырар қаласы басында қалай аталды? (Фараб)

20. Ноғай Ордасының астанасы (Сарайшық)

21. Қаз дауысты...(Қазыбек би)

22. Астана қай өзеннің жағасында салынған (Есіл)

23. Қойдың басын кімге тартады? (сыйлы қонаққа)

24. 1861-1868 жж. Реформа бойынша Қазақстан неше генерал-губернаторлыққа бөлінді (3)

25. Тың игеру жылдары (1954-1956)

Тарихи тұлға

1. Атақты күршіші

2. Атақты тары өсіруші

3. Тұңғыш ғалым

4. Тұңғыш ағартушы

5. Қазақ-қалмақ ханы

6. Қазақ-қырғыз ханы

7. Рухани қала

8. Бектердің бегі

Сөз мәйегі – мақал

Ғылым- теңіз,.....(Білім, қайық)

Ақыл азбайды,.....(Білім бозбайды)

Оқу-білім азығы,.....(Білім-ырыс қазығы)

Көп оқыған білмейді,.....(Көп тоқыған біледі)

Ілім-бұлақ,.....(білім шырақ)

Ердің атын аты шығарар,.....

(Ғалымның атын хаты шығарар)

Тіліңмен жүгірме,.....(Біліммен жүгір)

Білім арзан,.....(білу қымбат)

Байлықтың кілті - (ғылым)

Наданмен қос болғанша,..... (кітаппен дос бол)

КВАДРАТ ТЕНДЕУЛЕРГЕ КЕЛТІРІЛЕТІН ТЕНДЕУЛЕР
(АШЫҚ САБАҚ)Қойшыбаева Миранш
А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп
Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Тақырыпты игеру барысында оқушылардың алған білімдерін тереңдету, бір жүйеге келтіру, негізгі ұғымдарды бекіту. Биквадрат теңдеулерді шеше білуге үйрету, дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың білімін тексеру;

Дамытушылық: Оқушылардың ой-өрісін, есеп шығару шапшаңдығын, сабаққа қызығушылығын дамыту;

Тәрбиелік: Оқушыларды көпшіл болуға үйрету, өзара көмегін қалыптастыра отырып, өз білімі ғана емес басқа оқушының да білімі үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың көрнекілігі: Презентация, карточкалар, жұмбақтар, Қазақстан жалауы

Сабақтың барысы:

I. Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру
II. Өткен сабаққа шолу жасау үшін оқушыларға жұмбақ қойылады.

Жұмбақ: Математик бір ғалым

Бірмүшелікті іріктеп,
Үшеуін қосып топ құрды
Атын жайып әлемге
Көптің көңілін тоқ қылды.
Екі алып ол топты,
Нөлге теңеп жоқ қылды.

Шешуі: (Квадрат теңдеу)

Осыны пайдаланып оқушыларға сұрақ қойылады:

Квадрат теңдеудің жалпы түрлері, коэффициенттері?

Жұмбақ қойылады:

Айналған теңдеу шешу құралына
4 саны араласқан құрамына
Теңдеудің түбірлері деген нешеу?
Қандай сан жауап бергін сұрағыма.

Шешуі: (дискриминант) $D=b^2-4ac$ формуласы беріліп, нөлмен салыстырылады. Осы жерде: Толымсыз квадрат теңдеу шешу жолдары- Виет теоремасы айтылып, слайдтар арқылы оқушыларға теңдеулер беріледі. Тапсырманы болған соң, әрқайсысы қасындағы көршісін слайдтағы жауап арқылы тексеріп, бағалайды. (жинап алып, 1-2 минут талдау)

III. Жаңа сабақты түсіндіру:

Сонымен дәрежесі 2-ге тең квадрат теңдеулер берілген болатын. Ал бізде дәрежесі 2-ден артық теңдеулерді шешу кездеседі. Кейде жаңа айнымалыны енгізу арқылы шешуге мүмкін болады. Осы әдіспен мысалдар қарастырайық:

$$(x^2+x-1)(x^2+x+2)=40$$

$$x^2+x=y$$

$$(y-1)(y+2)=40$$

$$y^2+2y-y-2-40=0$$

$$y^2+y-42=0$$

$$D=12-4*1*(-42)=169 \quad D>0$$

$$y_1=$$

$$y_2=6$$

$$X^2+x=y_1$$

$$X^2+x+7=0$$

$$D=12-4*1*7=-27 \quad D<0$$

Түбірі жоқ.

$$x^2+x=y_2$$

$$X^2+x=6$$

$$x^2+x-6=0$$

$$D=12-4*1*(-6)=25 \quad D>0$$

$$x_1=-3$$

$$x_2=$$

$$\text{Жауабы: } x_1=-3$$

$$x_2=2$$

Жаңа айнымалыны енгізу әдісі $ax^4+bx^2+c=0$ түріндегі төртінші дәрежелі теңдеуді оңай шешуге мүмкіндік туғызады. $ax^4+bx^2+c=0$ (а) x^2 -қа қатысты алғанда квадрат теңдеу яғни биквадрат теңдеулер деп аталады.

Бұны шешу жолы:

$$X^4-5X^2-36=0$$

$$(x^2)^2-5x^2-36=0$$

$$x^2=y \quad y^2-5y-36=0$$

$$D=36-4*1*(-36)=16 \quad D>0$$

$$y_1= \quad y_2= -5$$

$$x^2=1 \quad x^2=5$$

$$x=\pm 1 \quad x=\pm$$

$$\text{Жауабы: } x_1=1 \quad x_3=$$

$$x_2=-1 \quad x_4=-$$

IV. Бекіту сұрақтары немесе тәуелсіздік мерекесіне байланысты оқушыларға сұрақ қойылып, жауап берген оқушыға Республика жалауы тарту етіледі.

Келтірілген квадрат теңдеу дегеніміз не?

Виет теоремасын тұжырымда?

Функция дегеніміз не?

Функцияның нөлі деп нені айтамыз?

Өспелі функция дегеніміз не?

Кемімелі функция дегеніміз не?

Квадраттық функцияның графигі не деп аталады?

Квадраттық функцияны салу үшін не істейміз?

Биквадрат теңдеудің жалпы түрі қандай?

Оны шешу жолы?

V. Сабақты қорытындылау.

VI. Үйге тапсырма түсіндіріліп беріледі.

№ 220 г) №222 г), д), е).

VII. Оқушыларды бағалау.

25 жыл еңбек еткен ұстаздар



Қойшыбаева Миранша



Ашекова Бегай



Кәдірбергенов Әлиакбар



Нұрғалиева Ләззат



Орынбаева Кенже



Алашаева Гаухар



Тілеуова Марал



Әбдраманова Дәметкен



Алушаева Бахыт



Қаржаубаева Шарагүл



Арыспаева Ләззат



Әбдіхалықова Дина



Абсадықова Ләззат



Сыздықова Айжан



Ералиев Мұрат

25 жыл